

**Қазақ тілінен «Солнышко», «Радуга» ересек тобының циклограммасы**  
**мұғалімі Камшат Қадылқызы**

**Қыркүйек айы**

ҰК	Қазақ тілі 5.09.2023
<i>Mіндемі</i>	<p><b>Міндепті:</b> Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті          Қазақ тіліндегі берілген сөздерді ынта қойып тындауға және ол сөздерді бірнеше рет айту арқылы есте сақтауға және дұрыс айтуға үйрету. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, і, ғ, н, һ дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Тәрбиеленушілерге қазақша амандасуға үйрету. Жаңа сөздермен таныстырып, сөзде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстардың айтылуына мән беру. Жаңа сөздерден сөз тіркесін құрастырып айтуға үйрету.</p> <p><b>Сөздер:</b> Балабақша, әже, іні, аң, көз, құлак, мұрын.</p>
<b>Көрнекіліктір</b>	Тақырыпқа байланысты суреттер, карточкалар
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	<p>Атамнан басталар,          Әжеммен қосталар.          Отбасым мыналар;          Ең жақын адамдар          Бәрін жақсы көремін          Еркелеймін, еремін!</p>
<b>Үйимдастыру-шылық-ізденушілік</b>	<p>Балалармен сәлемдесу, отбасы мүшелері туралы әңгіме жүргізіледі.          Мұғалім: балалар біз бүтін сәлемдесу, амандасу туралы әңгімелесеміз.          Ал, балалар ендеши бірі-бірімізben сәлемдесіп көрейік. «Сәлем», «Сәлеметсіздер ме!»          -«Сәлеметсіз бе» сөз ізеттілікті білдіреді.          -Балалар, біз бүтін сәлемдесудің әдептіліктің бастауы екенін білдік.          Бүгінгі біздің тақырыбымыз өз отбасымыз туралы болмақ.          - Балалар, қарандаршы, мен бүгін сендерге қандай сурет әкелдім. (суретті стендке іледі).          - Балалар, суреттен кімді көріп тұрсындар?          - Олар не істеп отыр?          - Ал, бұл суретті қалай атауға болады? Неліктен?          -Ия , дұрыс айтасындар. Жақсы.          - Иә, бұл суретте сүйіспеншілігі мол, бір - біріне ыстық ықыласпен, аялы сезіммен қарап отырған дастархан басындағы отбасы мүшелерін көріп отырмыз, барлық үйдің өз отбасы болады олар бір - бірімен тату - тәтті тұрады.          Енді біз балалар ортаға шығып ойын ойнайық</p> <p><b>Бой сергіту:</b></p> <p>Тербеледі ағаштар,          Алдынан жел еседі.          Кіп – кішкентай балалар,          Үп – үлкен бол өседі.</p>

<b>Рефлексивті түзетушілік</b>	<b>Ойын: " Көңілді доп" шарты:</b> тәрбиеші допты балаға лақтырып сұрақ қояды, ол қағып алғып сұраққа жауап береді. - Отбасы мүшелерін ата. (жаңа танысқан сөздерді кезек-кезек айтқызу)
--------------------------------	--

<b>ҰК</b>	<b>Қазақ тілі 12.09.2023</b>
<i>Mіndemі</i>	<b>Міндеті:</b> Сүйікті балабақшасы туралы түсінік беру. Сөздің дыбысталу мәдениеті. Артикуляциялық дыбыстарды анық айтуда жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды айтуда машықтандыру. Ойын түрінде танысқан сөздерді қайталату. Сөздерді қайталуа барысында қазақ тіліне тән дыбыстардың дұрыс айтылуын баса назарда ұстау. <b>Сөздер:</b> үй, есік, терезе, ұлken, кіші.
<b>Көрнекіліктер</b>	Тақырыпқа байланысты суреттер, карточкалар , бейнеролик
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	Бала, бала, баламыз Балабақшаға барамыз! Күні бойы қызыққа, Батамыз да қаламыз!
<b>Үйимдастыру-шылық-ізденушілік</b>	Балалармен балабақша туралы әңгіме жүргізіледі. Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен балабақша туралы туралы әңгімелесеміз. 1Шаттық шенберіне түрғызу . Балалар дөңгелене тұрып, қатар түрған көршілерінің аттарын атап, бір-біріне қолдарын ұсынады. -Балалар, осы шаттық шенберінде қол ұстасып түрған, бір- бірімізге жақсы көңіл күй сыйлайық. Үй мен балабақша суретін көрсетіп <b>үй, есік, терезе, ұлken, кіші</b> сөздерімен таныстыру <b>«Тында, көрсет, қайтала»</b> дидактикалық ойын. Шарты: Балабақша, үстел, орындық суреттері балаларға көрсетіледі. Сурет бойынша жаңа сөздерді хормен және жеке-жеке қайталату. Балалар педагогтің сұрақтарына жауап қайтарады. -Мынау не? <b>«Есіне сақта»</b> дидактикалық ойыны. -Біздің балабақша «Айгөлек» деп аталағы. Балабақшамыз ұлken, жарық, таза , әдемі. Кәне мына сөздерді қайталайық; <b>БАЛАБАҚША</b> -Сендер қайда отырсындар? -Кітаптар қайда тұр? Кәне мына сөздерді қайталайық; ТОП (группа) 3.Дыбыстық жааттығулар өткізу

	<p>ТО-ТО-ТО-ТОП БА-БА-БА-БАЛА БА-БА-БА-БАҚША</p> <p><b>Бой сергіту:</b> Отырамыз! Тұрамыз! Бір, екі, үш. Біз жинаймыз күш . Мынау кім? Мынау не? сұрақтарын түсініп жауап беруге жаттықтыру</p>
Рефлексивті түзетушілік	Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды

ҰК	Қазақ тілі 19. 09.2023
<i>Mіndetі</i>	<p><b>Міндепті:</b> Менің отбасым туралы түсінік беру. Сөздің дыбысталау мәдениеті. Артикуляциялық дыбыстарды анық айтуда жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды айтуда машиқтандыру. Сөздерді қайталау барысында қазақ тіліне тән дыбыстардың дұрыс айтылуын баса назарда ұстау. Суреттер арқылы отбасы мүшелерін атап, оларды кім тез табады ойынын ойнату.</p> <p><b>Сөздер:</b> Ана, әке, ата, апа, әже, аға, іні, әпке, мен, сен, ол, біз, сіз, олар.</p>
Көрнекіліктер	Тақырыпқа байланысты суреттер, карточкалар, бейнеролик
Мотивациялық-қозғаушылық	Бала, бала, баламыз Балабақшаға барамыз! Күні бойы қызыққа, Батамыз да қаламыз!
Үйымдастыру-шылық-ізденушілік	<p>Балалармен отбасы туралы әңгіме жүргізіледі.</p> <p>Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен балабақша туралы туралы әңгімелесеміз.</p> <p>Шаттық шеңберіне тұрғызу .</p> <p>Балалар дөңгелене тұрып, қатар тұрған көршілерінің аттарын атап, бір-біріне қолдарын ұсынады.</p> <p>-Балалар, осы шаттық шеңберінде қол ұстасып тұрған, бір- бірімізге жақсы көңіл күй сыйлайық.</p> <p><b>Жаңа сөздермен таныстыру.</b></p> <p>Педагог балалардың назарларын тақтадағы демонстрациялық материалға аударады. Суретте кімдербейнеленген?</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Мынау – ата. А-та, ата.</li> <li>– Мынау кім?</li> <li>– Мынау – ата.</li> <li>– Мынау – әже. Ә-же, әже</li> </ul>

- Мынау кім? – Мынау – әже.
- Мынау – әке. Ә-ке, әке.
- Мынау кім?
- Мынау – әке.
- Мынау – ана. А-на, ана.
- Мынау кім?
- Мынау – ана.
- Мынау – аға. А-ға, аға.
- Мынау кім?
- Мынау – аға.
- Аға – ұл.
- Мынау – ұл. Ұл.
- Мынау кім?
- Мынау – ұл.
- Мынау – қыз. Қыз.
- Мынау кім?
- Мынау – қыз.
- Бәрін бір сөзбен қалай атایмыз?
- Мынау – отбасы.

Балалар сөздерді жеке, хормен қайталап отырады

### **Дыбыстық жаттығу .**

Ә-ә-ә – әже

Ә-ә-ә – әке

I-i-i- ің-ің – сің-лі.

**Тақпақ жаттау.***Отбасы мүшелерін қайталап, тақпақты бірге қимылмен жасап, жаттауды ұсынады.*

Бір үйде біз нешеуміз?

Кел, санайық екеуміз,

Басбармақ – әкем,

Балан үйрек – анам,

Ортан терек – ағам,

Шылдыр шүмек – мен,

Кішкентай бөбек – сен.

Бір үйде біз нешеуміз?

Бір үйде біз бесеуміз.

### **Сергіту сәті.**

Дөңгеленіп тұрамыз,

Керегені құрамыз.

Уықтарша иіліп,

	<p>Шаңырақты көтеріп, Қазақ үйді құрамыз.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Үйде кім бар?» Дастархан басында отырған отбасының суретін көрсетіп, суреттегі отбасы мүшелерін айтқызу. Мынау кім? сұрақтарын түсініп жауап беруге жаттықтыру</p>
<b>Рефлексивті түзетушілік</b>	<b>Ойын</b> «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

ҰК	Қазақ тілі 26.09.2023
<i>Mіndetі</i>	<p><b>Міндеті:</b> Менің сүйікті ойыншықтарым. Ойыншықтарын күтүге баулу. ойыншықты педагогтің сұрауымен алғып беруге үйрету. Балаларды жаңа тақырыппен таныстыру. Жаңа сөздерді үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p> <p><b>Сөздер:</b> Доп, қуыршақ, машина, аю, қоян, ойын</p>
<b>Көрнекіліктер</b>	Тақырыпқа байланысты суреттер, карточкалар , ойыншықтар
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	<p>Қуанамыз күлеміз, Бар әлемді сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достармен бірге журеміз.</p>
<b>Үйимдастыру-шылық-ізденушілік</b>	<p>Балалармен олардың сүйікті ойыншықтары туралы әңгіме жүргізіледі.</p> <p>Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен сендердің сүйікті ойыншықтарың туралы туралы әңгімелесеміз.</p> <p><b>Жаңа сөздермен таныстыру. Дидактикалық ойын:</b></p> <p>«Ғажайып қоржын». Қоржыннан доп, қуыршақ, мәшинесалынған ойыншықтарды Педогог біртіндеп ала отырып, олардың атын атайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Мынау – доп.</li> <li>– Мынау қандай ойыншық?</li> <li>– Мынау – доп.</li> <li>– Мынау – қуыршақ.</li> <li>– Мынау қандай ойыншық?</li> <li>– Мынау – қуыршақ.</li> <li>– Мынау – мәшине.</li> <li>– Мынау қандай ойыншық?</li> <li>– Мынау – мәшине.</li> </ul> <p><b>Жаңа сөздерді қайталау:</b> ойыншық – игрушка, доп – мяч, қуыршақ – кукла, мәшине – машина.</p> <p>– Қандай ойыншықтарды көріп түрсіңдар?</p>

	<p>Сонымен қатар жаңа сөздерді менгерту барысында «<b>Кім жылдам</b>» ойынын ойнату арқылы топта тұрған ойыншықтар арасынан қоян, қуыршақ, доп, машина , аю ойыншықтарын көрсеткізу.</p> <p>Балалар педагогтің сұрақтарына жауап қайтарады.</p> <p>-Мынау қандай ойыншық ?</p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p>Добым, добым, домалақ, Қайда кеттің домалап? Тепсек болды секіріп, Ұстатпайсың, қашасың.</p> <p><b>Дыбыстық жаттығу</b></p> <p>Қ-Қ-Қ – О-ЙЫН-ШЫҚ – ОЙЫНШЫҚ. Қ-Қ-Қ – ҚУ-ЫР-ШАҚ – ҚУЫРШАҚ. Ә-Ә-Ә – МӘ-ШИ-НЕ – МӘШИНЕ.</p> <p>Педагог шағын мәтін құрайды.</p> <p>Біздің топта ойыншықтарымыз көп. Ойыншықтар ойын бұрышында тұрады. Ойыншықтарды жинау керек. Тап-таза ұстau керек.Оларды жуу керек. Ойыншықтарды сындырмай, лактырмай ойнау керек.</p>
<b>Рефлексивті түзетушілік</b>	<b>Ойын «Ақырын-қатты»</b> ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

## Казан айы

ҮК	Қазақ тілі 03.10.2023
<i>Mіндемі</i>	<p><b>Міндеті:</b> Бөлмедегі жиһаздар ерекшеліктері, қандай материалдан жасалғандығы, күнделікті тұрмыста пайдаланылуы, қажеттілігі туралы айтып беруге үйрету. Ұстел тамақ ішу үшін, сабак оқу үшін керектігін түсіндіру.</p> <p><b>Сөздер:</b> Ұстел, орындық, кесе, тәрелке, қасық, ішу, жинау.</p>
<b>Көрнекіліктөр</b>	Тақырыпқа байланысты суреттер, ыдыстар, бейнеролик
<b>Мотивациялық-козғаушылық</b>	Қуанамын мен де, Қуанасың сен де. Қуанайық, достарым, Жарқыраған күнге!
<b>Үйимдастыру-шылық-ізденушілік</b>	<p>Балалармен олардың топтағы орналасқан жиһаздар мен ыдыстар туралы әңгіме жүргізіледі.</p> <p>Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен ыдыстар мен, топтағы кейбір жиһаздар туралы туралы әңгімелесеміз.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b>«<b>Суреттер сөйлейді</b>». Өткен тақырыпты естеріне түсіру мақсатында доп, қуыршақ, машина, аю, қоян суреттерін көрсетіп,</p>

	<p>-Мынау не ? бойынша барлық сөздерді айтқызады.</p> <p><b>Жаңа сөздермен таныстыру. Ойын:</b> «Тында, көрсет, қайтала». Демонстрациялық материалда «Балабақша» суреті бейнеленген. Суретте балалар балабақша ауласында ойнап жүр. Мынау – балабақша. (Балалар қайталайды).</p> <p>Топтағы үстел мен орындыққа және үстел үстінде тұрған, кесе, қасық, табаққа назарларын аудару.</p> <p>– Мынау – топ. Топта балалар ойнап отыр.</p> <p>– Мынау – үстел.</p> <p>– Мынау не?</p> <p>– Мынау – үстел.</p> <p>– Мынау – орындық.</p> <p>– Мынау не?</p> <p>– Мынау – орындық.</p> <p>– Мынау – кесе.</p> <p>– Мынау не?</p> <p>– Мынау – кесе.</p> <p>– Мынау-табақ.</p> <p>– Мынау не?</p> <p>– Мынау – табақ.</p> <p>– Мынау қасық.</p> <p>– Мынау не?</p> <p>– Мынау – қасық.</p> <p><b>Дыбыстық жаттығу</b></p> <p>Т-Т-Т – ТОП</p> <p>Ү-Ү-Ү – ҮС-ТЕЛ – ҮСТЕЛ.</p> <p>Ы-Ы-Ы – О-РЫН-ДЫҚ – ОРЫНДЫҚ.</p> <p>Қ-Қ- Қ – БАҚ-ША – БА-ЛА-БАҚ-ША – БАЛАБАҚША.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p>Балабақша әдемі,</p> <p>Балалардың әлемі.</p> <p>Орындық пен үстелде,</p> <p>Отырамыз әдемі.</p> <p><b>Үлестірмелі материалдармен жұмыс.</b></p> <p>Суретке қара. Үстел мен орындықты тап. Жапсыр. Балалар үстел мен орындықты табады, жапсырады. Осы сөздерді бірнеше рет қайталап айтады.</p>
<b>Рефлексивті түзетушілік</b>	<b>Ойын «Ақырын-қатты»</b> ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

ҮК	Қазақ тілі 10.10.2023
Mіндемі	<p><b>Міндеті:</b> Менің сүйікті достарым. Достарымен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйрету. Балаларды жаңа тақырыппен таныстыру. Жаңа сөздерді үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Баланың айналаны өзі танып-білуіне жағдай жасау. Қоршаған ортада, достарының арасында, мәдени орындарда, үйде өзін ұстауды, өзара сыйластыққа, бір-біріне көмек көрсетуге, бір-бірін қолдауға, қамқорлық жасауға баулу. Достаса білуге, татулыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.</p> <p><b>Сөздер:</b> Дос, адам, тату, ая, ән, музыка, тындау.</p>
Көрнекіліктер	Такырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Достар, бері келіндер, Қолдарынды беріндер. Шаттық толы шенберге, Қуанышпен еніндер.</p>
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	<p>Балалармен олардың достары, бос уақыты туралы әңгіме жүргізіледі.</p> <p>Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен достарыңыз беріңіз, бос уақыт туралы туралы әңгімелесеміз.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Суреттерді құрастыру» Өткен тақырыпты естеріне түсіру мақсатында үстел, орындық, кесе, тәрелке, қасық суреттерінен мозайкаларды жинап, олардың атауларын айтқызу.</p> <p><b>Жаңа сөздермен жұмыс.</b></p> <p>Дос- менің досым Адам- жақсы адам Тату- тату-тәтті Ая- таза ая Ән- көңілді ән Музыка-музыка сабағы Тындау - мұғалімді тындау.</p> <p>Педагог балаларға балабақшаның суретін көрсетіп, сұрақтар қояды</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>.– Мынау не? – Бұл –балабақша.</li> <li>– Балалар қайда келді? – Балалар балабақшаға келді.</li> <li>– Балалар не істеп жүр? – Балабақша ауласында ойнапжүр.</li> <li>– Саған балабақшада көңілді ме? – Иә, балабақшада көңілді. Балабақшада балалар көп. Олар бір-бірімен дос.</li> <li>– Дос, дос-ы-ң, се-н-і-ң до-сың. Ме-н-і-ң до-сым</li> <li>– Аян, сен кіммен ойнайсың? Аян, Артем сенің досың ба? – Иә. Менің досым – Артем. – Артем, Арлан – достар. – Достар қалай ойнайды? – Достар тату ойнайды. – Біз Аян екеуміз доспыз, тату ойнаймыз.</li> <li>– Біз-дің до-сы-мыз көп (балалар қайталайды).</li> </ul> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Өзінің досың туралы әңгімеле». Балалар өздері туралы және достары туралы</p>

	<p>әңгімелеу.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p>Зеңгір көктем, нұрын төккен, Ортақ біздің гүліміз, Жайнап өскен, жайдары өскен, Біз өмірдің гүліміз. Бал достыққа, жолдастыққа Шақырады әніміз. Тыныштықта, нұр құшақта Бақыттымыз бәріміз.</p>
<b>Рефлексивті түзетушілік</b>	<b>Ойын «Ақырын-қатты»</b> ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

ҰК	Қазақ тілі 17.10.2023
<i>Mіndetі</i>	<p><b>Міндеті:</b> Балаларға дene мүшелері туралы мәлімет беру. Қозғалыс-қималдарын ойын түрінде дene мүшелерін көрсете білуге үйрету. Суреттер мен бейнероликтер көрсете отырып оларды кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру. «Кім жылдам» ойынын ойнату.</p> <p><b>Сөздер:</b> <b>Бет, мандай, бас, көз, мұрын, тіл, құлақ, шаш, бет, іш, аяқ, қол.</b></p>
<b>Көрнекіліктер</b>	Такырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	<p>Кәнеки, оң аяқ! Бір адым алға бас! Кәнеки, сол аяқ! Шырағым, алға бас! Оң аяқ! Сол аяқ! Оң аяқ! Сол аяқ! Қолды жоғары созамын Басты оңға, солға бұрамын. Мен шымыр боламын.</p>
<b>Үйимдастыру-шылық-ізденушілік</b>	<p>Балалармен дene мүшелері туралы әңгіме жүргізіледі.</p> <p>Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен дene мүшелерімен таныс боламыз.</p> <p><b>Жаңа сөздермен таныстыру.</b></p> <p><b>Ойын:</b> «<b>Не көріп тұрсын?</b>». Қуыршақтың дene мүшелерін көрсетіп, қайталап, есте сактау.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Қуыршақтың дene мүшесімен танысамыз. Мынау – бас. Мынау не?</li> <li>– Мынау – бас.</li> <li>– Мынау – қол. Мынау не?</li> <li>– Мынау – қол.</li> </ul>

	<p>– Мынау – аяқ. Мынау не?      – Мынау – аяқ.  <b>Дыбыстық жаттығу .</b>      К-К-К – ҚОЛ.      К-К-К – АЯҚ.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b>      Орнымыздан тұрамыз,      Қолымызды жуамыз.      Бетімізді жуамыз,      Тісімізді тазалап,      Шашымызды тараймыз,      Айнаға қараймыз.</p> <p><b>«Кім жылдам» дидактикалық ойыны.</b> Балаларды шатастырып, басқа дene мүшелерін көрсетуге болады.</p> <p>Мұрын, мұрын, мұрын – бас.      Мұрын, мұрын, мұрын – қол.      Мұрын, мұрын, мұрын – аяқ.</p> <p><b>Үлестірмелі материалдармен жұмыс.</b>      Суретке қара. Дене мүшелерін ата. Көрсет. Педагог тапсырманы түсіндіреді. Жеке жұмыс жүргізеді.</p>
<b>Рефлексивті түзетушілік</b>	<b>Ойын «Ақырын-қатты»</b> ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

ҰК	Қазақ тілі 24.10.2023
<i>Mіndetі</i>	<b>Міндеті:</b> Балалардың күз мезгілі жайлы түсініктерін қалыптастыру. Күз айларын қазақша айтуға үйрету.Түс атауларын қызыл, сары ,жасыл түстерін,оларды басқа сөздермен байланыстырып қолдану дағдыларын қалыптастыру.Табиғатқа деген қамқорлықтарын арттыру.Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Сергіту сәтін орындау. «Қандай түс» ойынын ойнау.Балаларға суреттерді көрсету арқылы түстердің атын айтқызу. <b>Сөздер:</b> Күз, қызыл, жасыл, сары, жапырақ, жаңбыр.
<b>Көрнекіліктіктер</b>	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	Достар бері келіндер, Қолдарынды беріндер. Шаттық толы шенберге, Куанышпен еніндер!

	Бәрін біліп алатын, Мен бақытты баламын.
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	<p>Балалармен күз айлары, оларда болатын құбылыстар туралы әңгіме жүргізіледі.      Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен күз мезгілі туралы туралы әңгімелесеміз.</p> <p><b>«Мен бастаймын, сен қошта» ойыны.</b> Откен ұйымдастырылған оқу қызметіндегі сөздерді естеріне түсіреді.      Педагог балаларға дene мүщелерін қимылмен көрсетіп, қайталауды ұсынады.</p> <p><b>Қима материалдармен жұмыс.</b></p> <p>Мынау – жапырақ.      – Мынау не?      – Мынау – жапырақ.      – Жапырақ сары.      – Жапырақ қандай?      – Жапырақ сары.      - Алтын күз.      – Қандай күз?      – Алтын күз.</p> <p>Балалар сөздерді қайталаيدы.</p> <p><b>Дыбыстық жаттығу</b> (айнны қолданып, сөздерді бірнеше рет жеке-жеке қайталаиды).</p> <p>Y-Y-Y – КҮЗ.      K-K-K-AK – ЖА-ПЫ-РАК.      H-H-H – ЖАН-БЫР.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b> Массаж: Балалар бір-бірінің артына сөздерді қайталап, сурет салады.</p> <p>Күн шықты,      Сәулесін шашты,      Бұлт жапты,      Жаңбыр жауды,      Кемпірқосақ шықты.</p> <p><b>Ойын: «Қолшатыр».</b></p> <p>«Жаңбыр» деген сөзден кейін, балалар алақанын тәмен қаратып ұстап тұрады. Балалар сұқ саусақтарын алақанның ішіне тигізіп тұрады. Педагог үшке дейін санап, алақанын жұмады, осы кезде балалар жылдам қолдарын алуға тырысады. Қай баланың қолын ұстап қалса, сол бала ойыннан шығады.</p>
Рефлексивті түзетушілік	Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

ҮК	Қазақ тілі 31.10.2023
<i>Mіndetі</i>	<p><b>Міндеті:</b> Балаларға жемістер мен көкөністер туралы мәлімет беру, олардың денсаулыққа пайдасы туралы айтып беру. Балалардың сөздік қорларын молайту, қазақ тіліне тән дыбыстарды айыра білуге жаттықтыру. Сөздерді сөз тіркесін айту дағдысын қалыптастыру. Ойлау есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p><b>Сөздер:</b> шие, алма, алмұрт, қарбыз, қауын өрік, сәбіз, қияр, қызанак</p>
<b>Көрнекіліктір</b>	Тақырыпқа байланысты суреттер, себет, жемістер муляждары: алма, алмұрт, сәбіз, қияр, қызанак
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	<p>Куанамын мен де, Куанасың сен де. Куанайық, достарым, Жарқыраған күнге!</p>
<b>Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік</b>	<p>Балалармен жемістер мен көкөністер туралы әңгіме жүргізіледі.</p> <p>Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен жемістер мен көкөністер түрлерімен таныс боламыз..</p> <p>Сендермен ойын ойнаймыз. «<b>Тыңда, көрсет, қайтала» ойны.</b> Педагог күз, жапырақ, жаңбырдың қима суреттерін балаларға таратып, өткен оқу қызметінде үйренген сөздерін қайталатады.</p> <p><b>Жаңа сөздермен таныстыру.</b> «<b>Себетте не бар?</b>» ойны. Педагог себеттегі жемістердің суреттерін немесе муляждарын көрсетеді, жемістерді атайды. Жемістерді балаларға таратады. Жаңа сөздерді балалармен бірге қайталайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Мынау – алмұрт. Мынау не?</li> <li>– Мынау – алмұрт.</li> <li>– Алмұрт үлкен.</li> <li>– Алмұрт қандай?</li> <li>– Алмұрт үлкен.</li> <li>– Мынау – алма. Мынау не?</li> <li>– Мынау – алма.</li> <li>– Алма кішкентай.</li> <li>– Алма қандай?</li> <li>– Алма кішкентай.</li> <li>– Бұлар – жемістер. Бұлар жемістер ме?</li> <li>– Бұлар – жемістер.</li> </ul> <p>Педагогпен бірге қайталайды: жемістер – фрукты, алмұрт – груша, алма – яблоко.</p> <p><b>«Дұрысын тап» ойны.</b> Қима материалдармен жұмыс. Педагогтің айтқан сөздеріне сәйкес суреттерді көрсету жәнепедагогтің тапсырмасын орындау.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Алманы ал.</li> <li>– Алмұртты маған алғып кел.</li> </ul> <p><b>Дыбыстық жаттығу</b> (айнаны қолданып, сөздерді бірнешерет жеке-жеке қайталайды).</p> <p>Y-Y-Y – KY3.</p>

	<p>I-I-I – ЖЕ-МИС-ТЕР. Ұ-Ұ-Ұ – АЛ-МҰРТ.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p>Күн шықты, Сәулесін шашты. Күз түсті, Алма, алмұрт пісті.</p> <p><b>Ұлестірмелі материалдармен жұмыс.</b></p> <p>Суретке қара. Алма мен алмұртты тап. Жапсыр. Педагог балаларға тапсырманы түсіндіреді. Суретке қара. Алма мен алмұртты ал. Жапсыр. Жеке жұмыс жүргізеді. Жемістердің пайдасын түсіндіреді.</p>
<b>Рефлексивті түзетушілік</b>	<b>Ойын «Ақырын-қатты»</b> ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

## Қараша айы

ҰК	Қазақ тілі 7.11.2023
<i>Міндеті</i>	<p><b>Міндеті:</b> Балаларға өздері тұратын қалалары туралы түсінік беру. Балалардың қала көшелері туралы білімдерін бекіту, өзінің тұратын қаласы жайлы мағұлмат беру. Қала көшелерін құрастыруға қажетті заттарды дұрыс қолданауда және жол ережелерін сақтай білуге тәрбиелеу. Жаңа сөздермен таныстыру барысында қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуда үйрету.</p> <p><b>Сөздер: қала, ауыл, көше, ғимарат, аула, жүру.</b></p>
<b>Көрнекіліктер</b>	Такырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	Достар, бері келіндер, Қолдарынды беріндер. Шаттық толы шенберге, Қуанышпен еніндер.
<b>Үйымдастыру-шылық-ізденушілік</b>	<p>Балалармен олардың өздері тұратын қалалары туралы әңгіме жүргізіледі.</p> <p>Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен өзіміз тұратын қаламыз туралы туралы әңгімелесеміз.</p> <p><b>«Ғажайып сөздер» ойыны</b> арқылы өткен жемістер тақырыбын еске түсіреміз. Жемістер мен көкөністерді еki себепке салып бөлеміз.</p> <p><b>Ойын «Сұрақ-жауап»</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Сен қай Республикада тұрасың? (Қазақстан Республикасында тұрамын.)</li> <li>– Қай қалада тұрасың? (Атбасар қаласында тұрамын.)</li> <li>– Қай көшеде тұрасың? (Өз көшелерін айтады).</li> </ul>

	<p>– Қандай үйде тұрасың? (Үлкен, кішкентай үйде тұрамын).</p> <p>– Үйдің нөмірі қандай?</p> <p>Педагог екі баланы шақырып, ойыншық құрылым материалы немесе LEGO-ны пайдаланып, бір қабатты немесе көпқабатты үй тұрғызуға тапсырма береді.</p> <p>– Мынау қандай үй?</p> <p>– Мынау – көпқабатты үй.</p> <p>– Мынау бірқабатты үй.</p> <p>– Кім көпқабатты үйде тұрады?</p> <p>– Сен нешиňші қабатта тұрасың? Бірнеше бала жауап береді.</p> <p>– Көпқабатты үйде пәтерлер бар.</p> <p><b>Сурет бойынша жұмыс.</b></p> <p>– Мынау – гимарат. Мынау не?</p> <p>– Мынау – гимарат (жеке-жеке жауап береді).т.б.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p>Дөңгелене тұрайық, Керегені құрайық. Уық болып иіліп, Шаңыраққа киіліп, Киіз үйді құрайық.</p> <p><b>Ұлестірмелі суреттермен жұмыс «Кімде не бар?»</b> суреттегі заттарды атап, көрсетеді.</p>
<b>Рефлексивті түзетушілік</b>	Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

<b>ҰК</b>	<b>Қазақ тілі 14.11.2023</b>
<i>Mіndetі</i>	<p><b>Міндеті:</b> Балаларға қала көшелерінде жүргендеге абай бол керектігін туралы түсінік беру. Балаларды бағдаршам белгілері және жолда жүру ережелерімен таныстыру. Көшедегі көліктердің қозғалысына көніл аударту. Көргендерін өз сөздерімен әңгімелеп айта білуге дағдыландыру. Есте сақтау қабілеттерін арттыру. Суреттер арқылы бағдаршам түстерін ажыратуға үйрету. Түстердің қандай мағына беретін туралы түсіндіру барысында қазақ тіліне тән дыбыстарды айтуға үйрету.</p> <p><b>Сөздер; Бағдаршам, жол, машина, көлік, жолда абайла.</b></p>
<b>Көрнекіліктер</b>	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик, ұлестірме материалдар
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	Достар, бері келіндер, Қолдарынды беріндер. Шаттық толы шенберге, Қуанышпен еніндер.

<b>Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік</b>	<p>Балалармен көшеде абай болу керектің туралы әңгіме жүргізіледі.</p> <p>Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен көшеде жүру тәртібі туралы әңгімелесеміз.</p> <p><b>«Ғажайып сөздер»</b> ойыны арқылы өткен тақырыптағы сөздерді айттыру, суреттен көрсеткізу.</p> <p>Жаңа сөздермен жұмыс танысу. <b>Бағдаршам, жол, машина, көлік, жолда абайла.</b></p> <p>Бағдаршамның макетін ортага қойып, балаларға ондағы түстерді айтқыза отырып, олардың атқаратын қызметін түсіндіру. Балаларға «Бағдаршам» өлеңін оқып беру.</p> <p style="text-align: center;">         Ашса кезек ұш көзін,          Айтты деп ұқ сөзін:          «Тоқта!          Сақтан!          Жол ашық!          Жүрме жолға таласып»,          Қызыл көзін ашқанда,          Сынық сүйем баспа алға.          Сары көзін ашқанда,          Қарап қалма аспанға.          Жасыл көзін ашқанда,          Өте бергін, жасқанба!          Көзін ашып-жұмады,          Бағыт сілтеп тұрады.       </p> <p>Жасанды кедергілер қою арқылы балаларды жолдан өткізу жаттығуларын жасату.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p style="text-align: center;">         Дөңгелене тұрайық,          Керегені құрайық.          Уық болып иіліп,          Шаңыраққа киіліп,          Киіз үйді құрайық.       </p>
<b>Рефлексивті түзетушілік</b>	<p>Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.</p>

<b>ҰК</b>	<b>Қазақ тілі 21.11.2023</b>
<i>Mіndetі</i>	<p><b>Міндеті:</b> Үй жануарлары туралы мәлімет беру. Балаларға үй жануарларын суреттер арқылы көрсетіп, олардың пайдасы туралы түсіндіру. Сүттің пайдасы мен одан жасалатын тамақтармен таныстыру. Жаңа сөздерді таныстыру барысында сөздік қорларын молайту. Ойын арқылы үлкен, кішкентай деген ұғымдарды</p>

	<p>қайталау. Үйымшылдықта, ұқыптылықта, әдемілікке тәрбиелеу.</p> <p><b>Сөздер; Ат, түйе, сиыр, қой, ешкі, тауық, үйрек.</b></p>
<b>Көрнекіліктегі мотивациялық-қозғаушылық</b>	<p>Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик, үй жануарларының ойыншықтары</p> <p>Қуанамын мен де, Қуанасың сен де, Қуанамыз бәріміз Арайлап атқан күнге.</p>
<b>Үйимдастыру-шылдық-ізденушілік</b>	<p>Балалармен үй жануарлары туралы әнгіме жүргізіледі. Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен үй жануарлары туралы әнгімелесеміз. Балалар үй жануарлары білесіндер ме? Кімнің үйінде қандай үй жануарлары бар?</p> <p><b>Жаңа сөздермен таныстыру.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Бұлар – үй жануарлары.</li> <li>– Мынау – қой. Қой – үй жануары.</li> <li>– Мынау не?</li> <li>– Мынау – қой. Қой – үй жануары.</li> <li>– «Қой» сөзінде қазақ тіліне тән «қ» дыбыс бар.</li> </ul> <p><b>Дыбыстық жұмыс.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Қ-қ-қа-қы-қи-қо-қо. Ой-ой – ақ қой.</li> <li>– Мынау – ешкі. Еш-кі. Ешкі – үй жануары. Кі-кі – келді ешкі.</li> <li>– Мынау не?</li> <li>– Мынау – ешкі.</li> <li>– Мынау – түйе. Түйе – үй жануары. Түйе үлкен.</li> <li>– Мынау не?</li> <li>– Мынау – түйе.</li> <li>-Түйе қандай?</li> <li>– Түйе үлкен.</li> <li>– Мынау – сиыр. Си-ыр. Мынау – не?</li> <li>– Мынау – сиыр.</li> <li>– Мынау – жылқы. Жыл-қы. Жылқы үлкен.</li> <li>– Мынау не?</li> <li>– Мынау – жылқы.</li> <li>– Жылқы қандай?</li> <li>– Жылқы үлкен.</li> <li>– Сандықта тағы не бар екен?</li> </ul> <p>Балалар ойыншықтарды кезекпен алады. Таныс ойыншықты(ат, түйе, сиыр, қой, ешкі, тауық, үйрек) атайды.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p>

	<p>Тікірейіп құлағы, Менен бұрын тұрады. Керіліп, созылып, Беті-қолын жуады. Бұл не? (Мысық)</p>
<b>Рефлексивті түзетушілік</b>	<b>Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату.</b> Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

ҮК	Қазақ тілі 28.11.2023
<i>Mіндемі</i>	<b>Міндемі:</b> Аңдар туралы мәлімет беру. Балаларға аңдардың суреттер арқылы көрсетіп, олардың пайдасы туралы түсіндіру. Жаңа сөздерді таныстыру барысында сөздік қорларын молайту. Ойын арқылы үлкен, кішкентай деген ұғымдарды қайталау. <b>Ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.</b> <b>Сөздер; Аю, қоян, қасқыр, түлкі, кірпі, піл, тышқан.</b>
<b>Көрнекіліктір</b>	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик, жабайы аңдардың ойыншықтары
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты. Қайырлы таң, алтын күн! Қайырлы таң, кең далам!
<b>Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік</b>	Балалармен аңдар туралы әнгіме жүргізіледі. Мұғалім: балалар біз бүтін сіздермен аңдар туралы әнгімелесеміз. – Сәлеметсіндер ме! Қайырлы күн, балалар! <b>«Сұрақ-жауап» дидактикалық ойныны.</b> <b>Откен тақырыпты қима суреттер арқылы қайталау.</b> – Мынау не? – Мынау – жылқы. – Мынау не? – Мынау – қой. – Бұлар не? -Бұлар – үй жануарлары <b>Жаңа сөздермен таныстыру.</b> – Мынау – қоян. Мынау не? – Мынау – қоян. – Мынау – аю. Мынау не? – Мынау – аю. – Мынау – қасқыр. Мынау не?

	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Мынау – қасқыр.</li> <li>– Мынау – тұлкі. Мынау не?</li> <li>– Мынау – тұлкі.</li> <li>– Бұлар – жабайы жануарлар. Олар орманда тұрады.</li> <li>– Жабайы жануарлар қайда тұрады?</li> <li>– Олар орманда тұрады.</li> <li>– Қоян қайда тұрады?</li> <li>– Қоян орманда тұрады.</li> <li>– Қасқыр қайда тұрады?</li> <li>– Қасқыр орманда тұрады.</li> <li>– Аю қайда тұрады?</li> <li>– Аю орманда тұрады.</li> <li>– Тұлкі қайда тұрады?</li> <li>– Тұлкі орманда тұрады.</li> </ul> <p>Балалар жеке және хормен қайталайды.</p> <p><b>Дыбыстық жаттығу.</b></p> <p>Y-Y-Y – ТҮЛ-КІ – ТҮЛКІ.      K-K-K – ҚАС-ҚЫР – ҚАСҚЫР.      K-K-K – ҚО-ЯН – ҚОЯН.</p> <p><b>ТТШТ/ТРИЗ (тапқырлар тапсырмаларын шешу теориясы): «Кім тапқыр?»</b> (Ертеңі кейіпкерлерінің элементтерін көрсету арқылы, жабайы жануарларды табу). Қоян, қасқыр, аю, тұлкі.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b> Педагог балаларға қимылды жүмбақ жасырады, өзі балалар бірге музыканың көмегімен түрлі қимылдар жасайды.</p> <p>Қоян сияқты секіреміз.</p> <p>Аю сияқты қорбандаш жүрреміз.</p> <p>Тұлкі сияқты әдемі, ақырын жүрреміз. Қасқыр боламыз.</p> <p><b>Қима материалдар арқылы «Дұрыс көрсет» ойыны ойнатылады.</b></p> <p>Жабайы жануарларды педагог атайды, балалар суреттерді көрсетеді.</p> <p><b>Үлестірмелі материалдармен жұмыс.</b></p> <p>Жабайы жануарларды ата. Көрсет. Олар қайда тұрады? Педагог тапсырманы түсіндіреді.</p> <p>Жеке жұмыс жүргізеді</p>
<b>Рефлексивті түзетушілік</b>	Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

**Желтоқсан айы**

<b>ҰК</b>	<b>Қазақ тілі 05.12.2023</b>
<i>Mіndetі</i>	Міндепті: Менің Отаным Қазақстан тақырыбында балаларға мәлімет беру. Жаңа сөздермен таныстыру барысында балалардың туған жерге, отанға деген сүйіспеншілдігін арттыру. Бейнеролик арқылы Қазақстан

	<p>Республикасы мен Астана қаласына саяхат жасату арқылы тақырыпты бекіту. Пазл жинау ойыны арқылы тақырыпты қорытындылау.</p> <p><b>Сөздер: Астана, әдемі, ғимарат, туған жер, үнайды, бірге ойнайық.</b></p>
<b>Көрнекіліктер</b>	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	<p>Жоғары қараймыз, Шанырақты көреміз. Төмен қараймыз, Жерді көреміз. Оңға бұрылыш, солға бұрылыш, Егеменді елді көреміз.</p>
<b>Үйымдастыру-шылдық-ізденушілік</b>	<p>Балалармен Қазақстан Республикасы мен Астана қаласы туралы әңгіме жүргізіледі. Мұғалім: балалар біз бүтін сіздермен Астана қаласы туралы әңгімелесеміз.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Сәлеметсіздер ме?! Біз сендермен Астананың көрікті орындарын арналған бейнероликті көрсету арқылы саяхат жасаймыз. аламын.</li> <li>Астана – біздің бас қала. .Мынау – Астана қаласы. Мынау – көше. Астанада көшелер көп.</li> <li>– Көше таза. Көшелер таза.</li> <li>– Мынау – үй. Үй – үйлер.</li> <li>– Биік үй. Биік үйлер.</li> <li>– Эдемі үйлер.</li> <li>– Мынау – Бәйтерек. (Түсінік беріледі). Бәйтерек әдемі.</li> <li>Мынау – ескерткіш. Мынау – үш би ескерткіші. Астана – жаңа қала.</li> <li>Астана қандай қала екен? (Балалар «әдемі», «таза», жаңа сөздерін қолданып, жауап береді).</li> </ul> <p><b>Дыбыстық жаттығу</b></p> <p>Ә-ә-ә-ә – бә-ә-ә ү-те-рек – бәйтерек. I -i-i, iс, iн, iні, iш-кіш – мынау – ескерткіш.</p> <p><b>Ойын: «Алтын сақа».</b> Астана қаласы туралы балаларға мәлімет беру.. Балалар сақаны бір-біріне береді. Сақаны қолына алған бала тақырып бойынша сөз айтады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Астана – бас қала.</li> <li>– Астана – әдемі қала.</li> <li>– Астанада көшелер кең.</li> <li>– Астанада биік үйлер көп. т.б</li> </ul> <p>Балалар сенде Астана қаласында болдындар ма? -Онда қандай көрікті жерлерге бардындар? (сұрақ-жаяуап тәсілі)</p> <p><b>Сергіту сәті: педагог балаларға сұрақ қойып, жаяуап алыпқымылмен орындаиды.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Күннің шыққаны жақсы ма?</li> <li>– Жақсы! (Күнді бейнелейді).</li> <li>– Желдің соққаны жақсы ма?</li> <li>– Жақсы! (Қолдарын көтеріп тербеледі).</li> </ul>

	<p>– Достарыңмен жүрген жақсы ма?      – Жақсы! (Алға қарай адымдайды).      – Тұған өлкеде жақсы ма?      – Жақсы! (Құшақтарын жаяды).      – Балабақша жақсы ма?      – Жақсы! (Басбармақтарын көрсетіп, қол соғады).</p> <p><b>Ойын: «Жалғастыр».</b> Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталау.      Қа...(қала)      Кө... (көше)      Сая.. (саябақ)      Алматы... (Алматы – әдемі, әсем қала).      Суретте нелер бейнеленген? Қайтала. Сен Астанада болдың ба? Саған ұнады ма?      Тында. Таныс сөздерді тап, ата.      Астанамыз – жас қала,      Жас та болса – бас қала.      Күндең өсіп келеді,      Гүлдең өсе береді.      Педагог жеке жұмыс жүргізеді.</p>
<b>Рефлексивті түзетушілік</b>	<b>Ойын «Ақырын-қатты»</b> ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

ҰК	Қазақ тілі 12.12.2023
<i>Mіndemі</i>	<b>Міндеті:</b> Балаларға түстер атавы үйрету. Ойыншықтар мен қубиктер арқылы түстерді ажыратуға үйрету. «Кім жылдам» ойын арқылы кімнің жақсы көретін түсін айтқызу, сол түстегі бір ойыншықты табуға үйрету, ойын арқылы жылдамдыққы, ептілікке тәрбиелеу. <b>Сөздер: Ақ, көк, қара, жасыл, сары, қызыл, қоңыр.</b>
<b>Көрnekіліктөр</b>	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик, қубиктер
<b>Мотивациялық-козғаушылық</b>	Қуан, шаттан, алақай! Қуанатын күн бүгін. Құліп шықты күн бүгін, Қайырлы таң! Қайырлы күн!

<p><b>Үйимдастыру-шылық-ізденушілік</b></p>	<p>Балалармен түстер туралы әңгіме жүргізіледі. Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен түстер туралы әңгімелесеміз. Откен тақырыпта үйренген сөздерін естеріне түсіру. Дидактикалық ойын: «Дұрыс қайтала, көрсет». Қима материалдағы суреттер арқылы Астана қаласының көрікті жерлерін айтады.</p> <p><b>Тақпақ оқиды.</b></p> <p style="padding-left: 40px;">Добым, добым, домалақ, Қайда кеттің домалап? Тепсек болды секіріп, Ұстаптайсың, қашасың.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Тақпақ не туралы?</li> <li>– Доп туралы.</li> </ul> <p><b>Жаңа сөздермен таныстыру.</b> Педагог түстерді айтып, түске байланыстырып, доптарды көрсетеді.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Мынау – қызыл доп. Мынау доптың түсі қандай?</li> <li>– Мынау – қызыл доп.</li> <li>– Мынау – көк доп.</li> <li>– Мынау доптың түсі қандай?</li> <li>– Мынау – көк доп.</li> <li>– Мынау – сары доп.</li> <li>– Мынау доптың түсі қандай?</li> <li>– Мынау – сары доп.</li> <li>– Мынау – жасыл доп.</li> <li>– Мынау доптың түсі қандай?</li> <li>– Мынау – жасыл доп.</li> </ul> <p>Балалар жеке-жеке және хормен қайталайды: қызыл – красный, жасыл – зеленый, сары – желтый, көк – синий, доп-мяч.</p> <p><b>Дыбыстық жаттығу</b> Қ-Қ-Қ – ҚЫ-ЗЫЛ – ҚЫЗЫЛ. Ө-Ө-Ө – КӨК.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p style="padding-left: 40px;">Арасында гүлдің Ойнап бүгін жүрдім. Қызыл, жасыл, сары, көк –Өп-әдемі бәрі.</p> <p><b>Сөздік ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала».</b> Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту мақсатындақима суреттер көрсетіледі, балалар оларды атайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Мынау – қызыл түс.</li> <li>– Алманың түсі қызыл.</li> <li>– Мынау – жасыл түс.</li> </ul>
---	---

	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Жапырақтың түсі жасыл.</li> <li>– Мынау – көк түс.</li> <li>– Мәшиненің түсі көк.</li> <li>– Мынау – сары түс.</li> <li>– Балапан сары.</li> </ul> <p><b>Дидактикалық ойын: «Тапсырманы орында».</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Қызыл түсті ұлкен алманы ал.</li> <li>– Жасыл түсті жапырақты досыңа бер.</li> <li>– Көк түсті кіші мәшинені алым кел.</li> </ul> <p><b>Үlestірмелі материалдармен жұмыс.</b></p> <p>Доптардың түстерін ата, жалғастырып боя. Педагог тапсырманы түсіндіреді. Жеке жұмыс жүргізеді</p>
<b>Рефлексивті түзетушілік</b>	<b>Ойын «Ақырын-қатты»</b> ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

<b>ҰК</b>	<b>Қазақ тілі 26.12.2023</b>
<i>Mіndemі</i>	<p><b>Міндепті:</b> Балаларға келіп жеткен жана жыл туралы мәлімет беру. Жана жыл әр бала үшін қуанышты мереке, мереке қарсаңында балаларға бірінші жартышылдық тақырыптар барысында өткен барлық тақырыптардағы сөздері қайталату. Жаңа жылдан не күтегенідерін сұрау. Сыйлық туралы шағын әңгіме айтып беру.</p> <p><b>Сөздер:</b> Аяз Ата, Ақшақар, шырша, сыйлық.</p>
<b>Көрнекіліктер</b>	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	Достар, бері келіндер, Қолдарынды беріндер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніндер
<b>Үйимдастыру-шылдық-ізденушілік</b>	<p>Балалармен оларжаң жыл туралы әңгімелесу</p> <p>Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен жаңа жыл мерекесі туралы әңгімелесеміз.</p> <p>Откен тақырыпты қайталау үшін <b>«Ғажайып сәт»</b> ойын ойнауга шақырамын. Қима қағаздағы түстерді тауып, олардың түрлері атаяу.</p> <p><b>Жаңа сөздермен таныстыру.</b> Сиқырлы қалам постерімен жұмыс. Балалармен бірге суреттер арқылы сөздерден сөйлем құрау.</p> <p>Қыста Жаңа жыл мерекесі болады. Бұл мерекенітбасымызбен, достарымызбен бірге тойлаймыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Суретте Аязата, Ақшақар және балалар бейнеленген.</li> <li>– Суретте кімдерді көріп тұрсындар?</li> <li>– Суретте Аязата, Ақшақар және балалар бейнеленген.</li> <li>– Мынау – Ақшақар.</li> <li>– Мынау кім?</li> <li>– Мынау Ақшақар.</li> </ul>

	<p>–Мынау сыйлықтар.</p> <p>–Мынау нелер?</p> <p>–Мынау – сыйлықтар.</p> <p>–Ақшақар балаларға сыйлық таратып жатыр.</p> <p>–Ақшақар балаларға не таратып жатыр?</p> <p>–Ақшақар балаларға сыйлық таратып жатыр.</p> <p>–Мынау – Аязата.</p> <p>–Мынау кім?</p> <p>–Мынау – Аязата.</p> <p>–Аязата балалардың тақпактарын тыңдалап отыр.</p> <p>–Аязата не істеп отыр?</p> <p>–Аязата балалардың тақпактарын тыңдалап отыр.</p> <p>–Балалар көңілді. Мерекеде ән айтып, тақпақ оқиды, ойын ойнайды.</p> <p>–Балалардың көңіл күйлері қандай?</p> <p>–Балалар көңілді. Мерекеде ән айтып, тақпақ оқиды, ойын ойнайды.</p> <p>–Мынау – шырша.</p> <p>–Мынау не?</p> <p>–Мынау – шырша. Балалар шыршаны айналып ән айтады.–Балалар не істейді?</p> <p>–Балалар шыршаны айналып ән айтады.</p> <p>Балалар сұрақтарға жауап беру барысында жаңа сөздердіжеке, хормен қайталау.</p> <p><b>Дыбыстық жаттығу</b></p> <p>Қ-қ-қ-қ -Ақ-қ-ша-қ-қар- Ақшақар</p> <p>Қ-қ-қ-қ- сый-лық-қ- сыйлық.</p> <p>Педагог шағын мәтін құрап айтады. Қыста Жаңа жыл мерекесі болады. Мерекеге Аязата мен Ақшақар келеді. Аязата мен Ақшақар балаларға сыйлықтар әкеледі. Балалар мерекеде ән айтып, тақпақ оқиды, ойын ойнайды.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b> Педагог ортаға шыршаны қойып, балалар шыршаны айнала ән айтады.</p> <p><b>«Жаңа жыл» әні.</b></p> <table border="0"> <tr> <td style="vertical-align: top;"> <p>Жаңа жыл, жаңа жыл!</p> <p>Жасыл шырша жанында</p> <p>Тамаша, тамаша!</p> <p>Басында әсем жұлдызы,</p> <p>Көрікті, бөрікті,</p> <p>Тақпак айтқан балаға,</p> <p>Сыйлықтарын беріпті.</p> </td><td style="vertical-align: top;"> <p>Жаңа жылда жаңа жыр.</p> <p>Жадырап бар бала жүр.</p> <p>Шыршамыз тұр жараса.</p> <p>Көз тоймайды қараса.</p> <p>Аязата келіпті,</p> </td></tr> </table>	<p>Жаңа жыл, жаңа жыл!</p> <p>Жасыл шырша жанында</p> <p>Тамаша, тамаша!</p> <p>Басында әсем жұлдызы,</p> <p>Көрікті, бөрікті,</p> <p>Тақпак айтқан балаға,</p> <p>Сыйлықтарын беріпті.</p>	<p>Жаңа жылда жаңа жыр.</p> <p>Жадырап бар бала жүр.</p> <p>Шыршамыз тұр жараса.</p> <p>Көз тоймайды қараса.</p> <p>Аязата келіпті,</p>
<p>Жаңа жыл, жаңа жыл!</p> <p>Жасыл шырша жанында</p> <p>Тамаша, тамаша!</p> <p>Басында әсем жұлдызы,</p> <p>Көрікті, бөрікті,</p> <p>Тақпак айтқан балаға,</p> <p>Сыйлықтарын беріпті.</p>	<p>Жаңа жылда жаңа жыр.</p> <p>Жадырап бар бала жүр.</p> <p>Шыршамыз тұр жараса.</p> <p>Көз тоймайды қараса.</p> <p>Аязата келіпті,</p>		
Рефлексивті түзетушілік	Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.		

## Қаңтар айы

ҮК	Қазақ 09.01.2024
<i>Mіндемі</i>	<p><b>Міндеті:</b> Балаларға қыс мезгілі туралы мәлімет беру. Қыста болатын табиғат құбылыстарымен таныстыру. «Қыс қызығы» туралы айту. Өткен тақырыптар бойынша сөздерді суреттермен көрсету арқылы «Кім көп біледі» ойынын ойнату.</p> <p><b>Сөздер: қар, жел, сұық, аяз.</b></p>
<b>Көрнекіліктер</b>	Қыс мезгілі туралы слайд, демонстрациялық материалдар, қима және үлестірмелі материалдар
<b>Мотивациялық-көзғауышылық</b>	<p>Зенгір көктен Нұрын төккен Ортақ біздің күніміз. Жайнап өскен, Жайдары өскен, Біз – өмірдің гүліміз.</p>
<b>Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік</b>	<p>Балалармен қыс мерзілі туралы әңгіме жүргізіледі.</p> <p><b>Мұғалім:</b> балалар біз бүгін сіздермен қыс мезгілі туралы әңгімелесеміз.</p> <p><b>Жаңа сөздермен таныстыру.</b> Қыс мезгілі туралы слайдпен(интербелсенді тақтада) жұмыс (демонстрациялық материалдармен) жүргізіледі.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Мынау – қыс. Мынау не?</li> <li>– Мынау – қыс.</li> </ul> <p>Қыста қар болады? Қыста не болады?</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Қыста қар болады.</li> <li>– Қардан аққала жасайды. Қардан не жасайды?</li> <li>– Қардан аққала жасайды.</li> </ul> <p>Балалар жеке-жеке және хормен қайталайды. Педагог слайд бойынша әңгімелейді:</p> <p><i>Мынау – қыс мезгілі. Қыста қар болады. Балалар қарданаққала жасайды.</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Мынау қай мезгіл?</li> <li>– Қыста не болады?</li> <li>– Аққаланы балалар неден жасады?</li> <li>– Балалар сұрақтарға жауап береді.</li> </ul> <p><b>Дыбыстық жаттығу .</b></p> <p>K-K-K – ҚАР. K-K-K – АҚ-ҚА-ЛА. Ы-Ы-Ы – ҚЫС.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p>Қар жауғанда топ бала Соқты келіп аққала.</p>

	<p>Мұрны сәбіз, үп-үлкен, Көзі көмір қап-қара.</p> <p><b>«Аудармасын айт» ойыны ойнатылады.</b></p> <p>Ойын арқылы үйимдастырылған оку қызметінде алған білімдері пысықталады. Педагог орыс тілінде сөздерді айтады, балалар қазақ тіліне аударады.</p> <p style="text-align: center;">зима – қыс снег – қар снеговик – аққала</p> <p>Педагог тапсырманы түсіндіреді. Жеке жұмыс жүргізеді.</p>
<b>Рефлексивті түзетушілік</b>	<b>Ойни «Ақырын-қатты» ойынын ойнату.</b> Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

<b>ҰК</b>	<b>Қазақ тілі 16.01.2024</b>
<i>Mіндетті</i>	<p><b>Міндетті:</b> Балаларға қар туралы мәлімет беру. Қыста болатын табиғат құбылыс қармен таныстыру арқылы, түстер тақырыбын қайталату. Табиғатты тануға деген қызығушылығын, балалардың туған жерінің табиғатына деген сүйіспеншілігін арттыру. «Кім жылдам» ойынын ойнату. Түстерді жылдам ажыратуға, карточкалардан таба білуге үйрету.</p> <p><b>Сөздер: қар, ақ, қара, сұры.</b></p>
<b>Көрнекіліктер</b>	Қыс мезгілі туралы слайд, демонстрациялық материалдар, қима және үлестірмелі материалдар
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	<p>Қол алысып, кәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрындар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Қандай жақсы дос болу!</p>
<b>Үйимдастыру-шылық-ізденушілік</b>	<p>Балалармен қар, қыстың қызықтары туралы әңгіме жүргізіледі.</p> <p>Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен қыс қызықтары мен қар туралы әңгімелесеміз.</p> <p><b>Отken «Қыс» тақырыпты қайталау. Ойын: «Алтын сақа».</b> Балалар сақаны бір-біріне береді. Сақаны қолына алған бала тақырып бойынша сөз, сөйлем айтады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Қыс жыл мерзілі.</li> <li>– Қыста жаңа жыл тойлайды.</li> <li>– Қыста аққала жасаймыз.</li> </ul> <p><b>Жаңа сөздермен таныстыру. Демонстрациялық материалдармен жұмыс.</b> Суреттегі балалардың іс-әрекетіне көніл аудару. Сұрақ қоя отырып, таныс сөздердің кайталау және жаңа сөздермен таныстыру.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген?</li> <li>– Жыл мезгілі – қыс.</li> </ul>

	<p>– Мынау не?      – Мынау – қар. Ақ-ақ – ақ қар.      – Қардан не жасаймыз?      – Аққала жасаймыз.      – Мынау – сырғанақ.      – Мынау не?      – Мынау – сырғанақ.      – Балалар сырғанап жүр.      – Балалар не істеп жүр?      – Балалар сырғанап жүр.      – Шанамен сырғанап жүр. Конькимен сырғанап жүр.      – Немен сырғанап жүр?      – Шанамен сырғанап жүр. Конькимен сырғанап жүр.      – Бұлар – қыс қызығы.</p> <p>Балалар таныс және жаңа сөздерді қайталайды.</p> <p><b>Дыбыстық жаттығу</b></p> <p>К-қ- қ - қа – қар.      К-қ-қ-қ -нақ-нақ – сырғанақ.</p> <p><b>Педагог шағын әңгіме құрап айтады.</b></p> <p><i>Мынау – қыс мезгілі. Дала аппақ қар. Қыста балалар аққала жасады. Балалар шанамен, конькимен сырғанап ойнап жүр. Бұлар – қыс қызығы.</i></p> <p>Балалар қайталайды.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p style="padding-left: 40px;">Аспан болсын көгілдір,      Жайтай берсін бұл өмір.      Ақ мамық қар жауып,      Біз аққала жасаймыз.</p> <p><b>«Аудармасын айт» дидактикалық ойыны.</b> Педагогсөздерді орыс тілінде айтады, балалар аударады.</p> <p>зима – қыс      қар – снег      снеговик – аққала      мұз – лед      шана – сани.</p>
Рефлексивті түзетушілік	Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

<i>Mіндемі</i>	<p><b>Міндеті:</b> Балаларды киім атауларымен таныстыру. Киімдерді дұрыс киінуге, пайдалану барысында дұрыс жинап қоюға дағдылау. Күнделікті тұрмыста жиі пайдаланатын киім атауларын үйрету. Сөздік қорларын арттыра отырып, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуда дағдылау. Суреттердегі киімдерді бояту ойнын ойната отырып, киімдегі түстерді дұрыс айтқызуға тәрбиелеу.</p> <p><b>Сөздер:</b> Шалбар, көйлек, жейде, кеудеше.</p>
<b>Көрнекіліктегі мотивациялық-қозғаушылық</b>	<p>Тақырыпқа байланысты суреттер, қуыршақтың киімдері, қима материалдар, үлестірмелі материалдар</p> <p>Бала, бала, баламыз Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа Батамыз да қаламыз</p>
<b>Ұйымдастыру-шылдық-ізденушілік</b>	<p>Балалармен киім атаулары туралы әңгіме жүргізіледі.</p> <p><b>Мұғалім:</b> балалар біз бүгін сіздермен киім атаулары туралы әңгімелесеміз.</p> <p><b>Жаңа сөздермен таныстыру:</b> сандықтан қуыршақтың киімдерін Сәуле біртіндеп ала отырып, олардың атын атайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Мынау – көйлек. Мынау не?</li> <li>– Мынау – көйлек.</li> <li>– Мынау – шалбар. Мынау не?</li> <li>– Мынау – шалбар.</li> <li>– Мынау – жейде. Мынау не?</li> <li>– Мынау – жейде.</li> <li>– Бұл – киім. Бұл не?</li> <li>– Бұл – киім.</li> </ul> <p>Сөздерді жеке-жеке және хормен қайталайды.</p> <p><b>Дыбыстық жаттығу</b> I-I-I – КИ-ИМ – КИМ. Ө-Ө-Ө – КӨЙ-ЛЕК – КӨЙЛЕК. ЖЕЙ-ДЕ – ЖЕЙДЕ. ШАЛ-БАР – ШАЛБАР.</p> <p>Педагог балалардан үстіндегі киген киімнің атын сұрайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Мынау қандай киім?</li> <li>– Көйлек.</li> <li>– Сен не киесің?</li> <li>– Мен көйлек киемін.</li> <li>– Сенің үстіндегі қандай киім?</li> <li>– Жейде, шалбар. <ul style="list-style-type: none"> <li>– Сен не киесің?</li> <li>– Мен жейде, шалбар киемін.</li> </ul> </li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Күйршақ Сәуленің үстінде қандай киім?</li> <li>– Көйлек.</li> <li>– Сәуле не киеді?</li> <li>– Сәуле көйлек киеді.</li> <li>– Ұл не киеді?</li> <li>– Ұл жейде, шалбар киеді.</li> <li>– Қыз не киеді?</li> <li>– Қыз көйлек киеді.</li> </ul> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p style="text-align: center;">Орнымыздан тұрамыз, Аяқты нық басамыз. Бір отырып, бір тұрып, Біз демалып аламыз.</p> <p><b>«Аудармашы» ойыны. Қима материалдар арқылы сөздерді қайталау.</b>  Педагог сөздерді қазақша айтады, балалар аударады.  Киім – одежда, жейде – рубашка, көйлек – платье, шалбар –брюки.</p> <p><b>Үlestірмелі материалдармен жұмыс.</b>  Суреттегі киімдерді ата. Әрқайсының киімдерін тап. Сызықпен қос.  Педагог тапсырманы түсіндіреді. Жеке жұмыс жүргізеді.</p>
<b>Рефлексивті түзетушілік</b>	<b>Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату.</b> Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытындылайды.

ҮК	Қазақ тілі 30.01.2024
<i>Mіndetі</i>	<b>Міндеті:</b> Балаларды жылы киім атауларымен таныстыру. Күнделікті тұрмыста жиі пайдаланатын киім атауларын үйрету. Сөздік қорларын арттыра отырып, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуда дағылау. <b>Сөздер: Жемшір, малақай, тон, қолғап, етік.</b>
<b>Көрнекіліктер</b>	Тақырыпқа байланысты суреттер, қуыршақ киімдері, үlestірмелі қима суреттер
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	Қуанамын мен де, Қуанасың сен де. Қуанайық, достарым, Жарқыраған күнге!

<p><b>Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік</b></p>	<p>Балалармен жылы киімдер туралы әңгіме жүргізіледі. Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен қыста киетін жылы киімдер туралы әңгімелесеміз.</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Кім көп біледі?».</b> Өткен ««Киім атаулары»» тақырыбын қайталау. Балалар тақырып бойынша сөздерді естеріне түсіріп, атайды.</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Ғажайып сандық»</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Балалар сіздермен сиқырлы сандықты ашайық, оны ашу үшін сендерден көмек сұраймын.</li> <li>– Балалар, менімен бірге қайталаңдар.</li> </ul> <p style="text-align: center;">Алақай, алақай! Куаныш қалайық. Сиқырлап сандықты Қызыққа қанаңайық!</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Бір, екі, үш, ғажап сандығым, ашыл!</li> </ul> <p>Сандықтағы киім арқылы өткенді еске түсіру. Балалар сандықтағы таныс киім алғып атайды: жейде, көйлек, шалбар.</p> <p><b>Жаңа сөздермен таныстыру.</b> Сандықтың екінші түбінен киім алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Бұл – қолғап. Қол-ғап. Қ-қ-қа-қы-қи-қо. Ғап-ғап – әдемі қолғап. Қолғап әдемі. Қолғап – киім. (Бірінші дыбыстарына көніл бөледі).</li> <li>– Бұл – тон. Т-т-т-та-то. Тоооон. Он-он – бұл – тон. Тон –киім.</li> <li>– Мынау – құлақшын. Құ-лақ-шын. Қ-қ-қ-қа-қу-құ. Құ-құ-құлақшын. Құлақшын не? Құлақшын – киім.</li> <li>– Мынау – етік. Е-тік, етік.</li> <li>– Етіктің түсі қандай? (түсің атайды).</li> </ul> <p>Балалар сөздерді жеке-жеке, хормен айттып жаттығады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Балалар, сандықтағы киім қандай екен? (әдемі).</li> <li>– Сендердің киімдерін қандай? Киімді таза, ұқыпты киокерек.</li> </ul> <p><b>Ойын: «Кім тез байқайды?».</b> <b>Ойынның мақсаты:</b> ұйымдастырылған оку қызметі барысында үйренген сөздерді бекіту, есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p><b>Ойын шарты:</b> педагог балалар көздерін жұмған кезде киімдердің орнын ауыстырып қояды, ал балалар орындарын ауысқан киімдерді атайды.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p style="text-align: center;">О, керемет, керемет! Бейне аппақ көбелек. Ақша қар жай көлбендең, Қонып жатыр жерге кеп.</p> <p><b>Ойын: «Аталған буынға киімдерді ата, көрсет»,</b> киіматаяуларының бірінші буыны айтылады, балалар</p>
---	--

	<p>киімді толық атайды.</p> <p>Қо – қолғап</p> <p>То – тон</p> <p>Құ - құлақшын</p> <p>Суретте қандай жыл мезгілдері бейнеленген? Қыста қандай киім киеді? Ата. Қос. Педагог тапсырмалардың індірілгенде. Жеке жұмыс жүргізеді.</p>
<b>Рефлексивті түзетушілік</b>	<b>Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату.</b> Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

## Ақпан айы

ҮК	Қазақ тілі 06.02.2024
<i>Mіndetі</i>	<p><b>Міндеті:</b> Балаларға жабайы андар туралы түсінік беру. Жаңа сөздерді үйрену барысында қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру. Балаларды табиғатты аялауга, жан-жануарларды қорғауга деген көзқарастарын қалыптастыру. Карточкаларды көрсету арқылы андарды табу ойнынын ойнату.</p> <p><b>Сөздер; Аю, қоян, қасқыр, тұлқі, кірпі, піл, тышқан.</b></p>
<b>Көрнекіліктер</b>	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик, жабайы андардың ойыншықтары
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	<p>Арайладап таң атты Алтын сәуле таратты. Қайырлы таң, алтын күн! Қайырлы таң, кен далам!</p>
<b>Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік</b>	<p>Балалармен андар туралы әнгіме жүргізіледі.</p> <p>Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен андар туралы әнгімелесеміз.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Сәлеметсіңдер ме! Қайырлы күн, балалар!</li> <li><b>«Сұрақ-жауап» дидактикалық ойыны.</b></li> <li><b>Өткен тақырыпты қима суреттер арқылы қайталау.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Мынау не?</li> <li>– Мынау – жылқы.</li> <li>– Мынау не?</li> <li>– Мынау – қой.</li> <li>– Бұлар не?</li> <li>-Бұлар – үй жануарлары</li> </ul> </li> <li><b>Жаңа сөздермен таныстыру.</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Мынау – қоян. Мынау не?</li> <li>– Мынау – қоян.</li> <li>– Мынау – аю. Мынау не?</li> <li>– Мынау – аю.</li> </ul> </li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Мынау – қасқыр. Мынау не?</li> <li>– Мынау – қасқыр.</li> <li>– Мынау – тұлкі. Мынау не?</li> <li>– Мынау – тұлкі.</li> <li>– Бұлар – жабайы жануарлар. Олар орманда тұрады.</li> <li>– Жабайы жануарлар қайда тұрады?</li> <li>– Олар орманда тұрады.</li> <li>– Қоян қайда тұрады?</li> <li>– Қоян орманда тұрады.</li> <li>– Қасқыр қайда тұрады?</li> <li>– Қасқыр орманда тұрады.</li> <li>– Аю қайда тұрады?</li> <li>– Аю орманда тұрады.</li> <li>– Тұлкі қайда тұрады?</li> <li>– Тұлкі орманда тұрады.</li> </ul> <p>Балалар жеке және хормен қайталайды.</p> <p><b>Дыбыстық жаттығу.</b> (айнамен) Y-Y-Y – ТҮЛ-КІ – ТҮЛКІ. К-К-К – ҚАС-ҚЫР – ҚАСҚЫР. Қ-Қ-Қ – ҚО-ЯН – ҚОЯН.</p> <p><b>ТТШТ/ТРИЗ (тапқырлар тапсырмаларын шешу теориясы): «Кім тапқыр?»</b> (Ертегі кейіпкерлерінің элементтерін көрсету арқылы, жабайы жануарларды табу). Қоян, қасқыр, аю, тұлкі.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b> Педагог балаларға қимылды жұмбақ жасауды, өзі балалар бірге музыканың көмегімен түрлі қимылдар жасайды.</p> <p>Қоян сияқты секіреміз.</p> <p>Аю сияқты қорбандаш жүреміз.</p> <p><i>Тұлкі сияқты әдемі, ақырын жүреміз. Қасқыр боламыз.</i></p> <p><b>Қима материалдар арқылы «Дұрыс көрсет» ойыны ойнатылады.</b></p> <p>Жабайы жануарларды педагог атайды, балалар суреттерді көрсетеді.</p> <p><b>Ұлестірмелі материалдармен жұмыс.</b></p> <p>Жабайы жануарларды ата. Көрсет. Олар қайда тұрады? Педагог тапсырманы түсіндіреді.</p> <p>Жеке жұмыс жүргізеді</p>
<b>Рефлексивті түзетушілік</b>	<b>Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату.</b> Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

<b>ҰК</b>	<b>Қазақ тілі 13.02.2024</b>
<i>Mіндеті</i>	<b>Міндеті:</b> Балаларға жалпылама құстар туралы мәлімет беру. Үй құстары мен дала құстары туралы мағұлмат қалыптастыру. Жаңа сөздерді иегеру барысында, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға,

	дыбыстау алуға дағдылау. Сөздік қорларын молайту. «Бұл не?» ойынын ойнату. <b>Сөздік: Аққу, қарлығаш, торғай, қарға, көгершін.</b>
<b>Көрнекіліктер</b>	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик, үлестірме карточкалар
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	Достар, бері келіндер, Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шенберге, Қуанышпен еніндер.
<b>Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік</b>	<p>Балалармен жалпылама құстар туралы әңгіме жүргізіледі.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен құстар туралы әңгімелесеміз.</li> </ul> <p><b>Откен «Жабайы андар» тақырыбын қайталауға ойын «Ата, көрсөт».</b> Балалар жануарлардың атап, демонстрациялық суреттен көрсетеді.</p> <p>Құстардың дауыстары жазылған ұнтаспа қосылады. Торғайдың шырылы естіледі.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Балалар, бұл не? Жаңа сөздермен таныстыру. Топтанторғайды іздең табады (сурет).</li> <li>– Бұл – торғай. Тор-ғай.</li> <li>– Тор-ғай.</li> <li>– Ай-ай – келді торғай.</li> <li>– Мынау не?</li> <li>– Мынау – торғай.</li> <li>– Торғай – құс. Құйыс. Торғай не? – Торғай – құс.</li> <li>– Торғай ұшады. Торғай не істейді?</li> <li>– Торғай ұшады.</li> <li>– Қарғаның дыбысы естіледі.</li> <li>– Бұл не?</li> <li>– Топтан қарғаны іздең табады (сурет).</li> <li>– Мынау – қарға. Қар-ға. Қар - қар - қарға.</li> <li>– Мынау не?</li> <li>– Мынау – қарға.</li> <li>– Қарға – құс. Қарға не?</li> <li>– Қарға – құс.</li> <li>– Қарға ұшады.</li> <li>– Қарға не істейді? – Қарға ұшады.</li> </ul> <p>Сөздерді, сөйлемдерді жеке, хормен айтқызу.</p> <p><b>Дыбыстық жаттығу.</b></p> <p>F- f-f-ға - қарға, қарға, қарғалар, «Қарқ-қарқ», – дер қарғалар.</p> <p>Y-ұ-ұ- құйыс – құс.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p>

	<p>Торғай, торғай, торғайсың Жақын келіп қонғайсың. Жем шашайын тойып ал, Сонда торғай тоңбайсың.</p> <p><b>Дидактикалық ойыны: «Не жоқ?»</b></p> <p><b>Шарты:</b> балалар көздерін жұмады, педагог бір суретті жасырады, балалар не жоғын айтады: қарға жоқ, Торғай жоқ.</p>
Рефлексивті түзетушілік	<p><b>Ойын «Ақырын-қатты»</b> ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.</p>

ҰК	Қазақ тілі 20.02.2024
Mіндеті	<p><b>Міндеті:</b> Балаларға көліктер туралы мәлімет беру. Жаңа сөздерді иегеру барысында , қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға, дыбыстау алуға дағдылау. Сөздік қорларын молайту. Суреттер арқылы «Бұл не?» ойынын ойнату.</p> <p><b>Сөздік: Автокөлік, ұшақ, тік ұшақ , пойыз, велосипед.</b></p>
Көрнекіліктер	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Қайырлы таң, алтын күн! Қайырлы таң, кен далам!</p>
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	<p>Балалармен көлік туралы әңгіме жүргізіледі.</p> <p>Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен көліктер туралы әңгімелесеміз.</p> <p><b>Суреттер бойынша «Бұл не» ойыны арқылы құстар тақырыпты қайталау.</b></p> <p>Мұғалім балалармен ойын ұйымдастырады «<b>Сұрап-жаяуп</b>».</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Сен бүгін таңертең қайда келдің? (Мен балабақшаға келдім).</li> <li>– Балабақшаға кіммен келдің? (Мен анаммен келдім).</li> <li>– Балабақшаға немен келдің?</li> <li>– Мен автобуспен келдім.</li> <li>– Мен мәшинемен келдім. (Сөйлемдерді балалар жеке-жеке қайталайды).</li> <li>– Автобус, мәшине – көлік.</li> <li>– Мәшине не?</li> <li>– Мәшине .....(көлік).</li> <li>– Автобус не?</li> </ul>

- Автобус ....(көлік).
 

«Көлік» сөзін жеке, хормен дұрыс айтып жаттығады. Қалада көлік көп, сондықтан абай болу керек.

**Жаңа сөздермен таныстыру.** Демонстрациялық материал.

-Мынау – ұшақ, ұшақ.

  - Мынау не?
  - Мынау – ұшақ . (балалар жеке-жеке сөзді айтып жаттығады).
  - Ұшақ – көлік.
  - Ұшақ не?
  - Ұшақ – көлік.
  - Саяхатқа ұшақпен баруға болады
  - Саяхатқа немен баруға болады?
  - Саяхатқа ұшақпен баруға болады.
  - Қандай ұшақ болады? (Үлкен, кішкентай).
  - Мынау – пойыз.
  - Мынау не?
  - Мынау – пойыз. (Балалар жеке – жеке айтады).
  - Пойыз – көлік.
  - Пойыз не?
  - Пойыз – көлік.
  - Саяхатқа пойызбен баруға болады.
  - Саяхатқа немен баруға болады?
  - Саяхатқа пойызбен баруға болады.

**Дыбыстық жаттығулар:**

Ө-ө-ө-ө – көөө-лік- көлік

I-i-i-i- лік -лік – көлік

Қ-қ-қ-қ- шақ-шақ – мынау – ұшақ.

Ұ-ұ-ұ-ұ -ұш-ұш - ұшақ ұшты.

Ұшақ ұзақ ұшты.

**Педагог сөйлемдер құрастырады.**

*Астана қаласына ұшақпен баруға болады Атбасарға пойызбен баруға болады.*

Балалар сөйлемдерді қайталайды.

**Сергіту сәті:**

Орнымыздан тұрайық,  
Қолымызды созайық.  
Бойымызды жазайық  
Алақанды соғайық.  
Бір отырып, бір түрып  
Біз тынығып алайық.

	<b>Ойын: «Дұрыс па, бұрыс па?».</b> Педагогті тыңдал, сөйлемнің дұрыстығын анықтайды да, дұрыс сөйлемді қайталайды. Мысалы: Автобус – көлік. Коньки – көлік. Ұшақ – көлік. Жылқы – көлік. Жейде-көлік т.б.
<b>Рефлексивті түзетушілік</b>	<b>Ойын «Ақырын-қатты»</b> ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды

ҮК	Қазақ тілі 27.02.2024
<i>Mіndetі</i>	<b>Міндеті:</b> Балаларға көктем мезгілі туралы мәлімет беру. Көктемде болатын табиғат құбылыстарымен таныстыру. «Көктем» туралы айту. Отken тақырыптар бойынша сөздерді суреттермен көрсету арқылы «Кім көп біледі» ойынын ойнату. <b>Сөздер: кемпірқосақ, ай, күн, аспан, бұлт.</b>
<b>Көрнекіліктер</b>	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик, қима және үлестірмелі материалдар
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	Достар, бері келіндер, Қолдарынды беріндер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніндер.
<b>Үйымдастыру-шылық-ізденушілік</b>	Балалармен көктем мезгілі туралы әңгіме жүргізіледі. Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен көктем мезгілі туралы әңгімелесеміз. – Сәлеметсіндер ме, балалар! <b>Отken көліктер тақырыбы қайталау.</b> <b>Дидақтикалық ойын: «Ғажайып қоржын».</b> Достар бері келіндер. Қолдарынды беріндер, Ғажайып толы қоржыннан Ойыншықтар алындар. Балалар қоржыннан ойыншықтарды алғып, көлік түрлетін атайды : Мынау автокөлік ( ұшақ, тік ұшақ , пойыз, велосипед). Педагог балалардың зейінін тақтадағы көрікті көктем суретіне аударады. (Демонстрациялық материалмен жұмыс). <b>Жаңа сөздермен таныстыру.</b> – Суретте жылдың қай мезгілібейнеленген? – Көктем. Кек-тем. Балалар қайталап өткен жылғы сөзді естеріне түсіреді.

	<p>– Қазір жылдың қай мезгілі?</p> <p>– Көктем. – Мынау не? (Қар)</p> <p>– Қар неге еріп жатыр?</p> <p>– Көктем жылы. Жы-лы. Көктем қандай? (Жеке-жеке жауап береді).</p> <p>– Мынау – күн. Күннің түсі қандай?</p> <p>– Күн сары.</p> <p>– Мынау – ағаш.</p> <p>– Ғаш-ғаш – ағаш.</p> <p>– Мынау – ... (ағаш) Балалар жеке-жеке сөйлемді аяқтайды.</p> <p>– Мынау – улкен ағаш.</p> <p>– Мынау қандай ағаш?</p> <p>– Көктемде жапырақтың түсі қандай? (Жасыл)</p> <p>Балалар қайталайды, сұраптарға жеке, хормен жауап береді.</p> <p><b>Дыбыстық жаттығу</b></p> <p>Ө-Ө-Ө – КӨК-ТЕМ – КӨКТЕМ</p> <p>Ү-Ү-Ү – ҚҰС</p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p>Көктем, көктем көңілді, Ағаш ектік бақшаға. Құстар келіп қонады, Дала жылы болады.</p> <p><b>Откен сөздерді пысықтауға ойын:</b> «Кім көп біледі». Педагог тақырыпты айтады, балалар сол тақырып бойынша сөздерді естеріне түсіреді.</p>
Рефлексивті түзетушілік	Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

## Наурыз айы

ҰК	Қазақ тілі 05.03.2024
<i>Mіндемі</i>	<p><b>Міндеті:</b> Балаларға 8-наурыз мерекесі туралы түсінік беру.Аналарын, қыз балаларды сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу. «Менің анама гүл сыйлаймын» тақырыбында сурет салдыру. Салған суреттері бойынша сұрақтар қою. «Кім жылдам» ойынын ойнату.</p> <p><b>Сөздік: ана, қыз, сұлу, әдемі, сыйлық беру , гүл беру.</b></p>
<b>Көрнекіліктер</b>	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	<p>Мен гүлдерді жұлмаймын, Торғайларды қумаймын. Айтқан сөзді тындаимын. Анашымды сыйлаймын.</p>
<b>Үйымдастыру-шылық-ізденушілік</b>	<p>Балалармен 8 наурыз аналар, әдеі арулар мерекесі туралы әңгіме жүргізіледі.</p> <p>Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен 8-наурыз аналар, арулар, қыздар мерекесі туралы әңгімелесеміз.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Балабақшаға балаларды кім әкеледі?</li> <li>- Сендерге таңертең кім ботқа дайындал береді?</li> <li>- Таңертең үйқыдан кім оятады?</li> <li>-Біз қандай мерекені тойлап еттік?</li> </ul> <p>Дұрыс айтасыздар, әрине аналар мерекесін тойладық.</p> <p>Бүгін аналар мерекесі туралы айтамыз.</p> <p><b>Жаңа сөздермен жұмыс.</b></p> <p>Ана- сұлу; Қыз –әдемі; Анаға сыйлық беру; Қыздарға гүл беру.</p> <p>Балалармен <b>«Ана туралы»</b> бейнеролик тамашалаймыз.</p> <p>Ендеше <b>«Тосын сый»</b> ойынын ойнайық. Парап беттерінде гүлдің суреттері салынады да, топтағы ұлдар түрлі-түсті қарындаштармен кезек-кезекпен суретті боятамыз.Парақтағы гүлдер толық боянған соң, оны топтағы аруларға сыйға тартады.</p> <p><b>Сергіту сәті</b></p> <p>Біз көмекшіміз Бір, екі үш.. Анамызға береміз күш.</p>

	Сыпырғышпен сыпсырып Еденді біз жуамыз Бір, екі, үш... Бойымыздың жинап күш.
Рефлексивті түзетушілік	Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

ҮК	Қазақ тілі 12.03.2024
Mіндемі	<b>Міндеті:</b> Балаларға көктем мезгілімен қатар келетін табиғаттың ояну туралы айттып беру. Айнала ақ көрпесін шешеніп, жасыл желекке айналу туралы бейнеролик тамашалату. <b>Сөздік: су, бұлақ, тал</b>
Көрнекіліктер	Такырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик
Мотивациялық-қозғаушылық	Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз. Күлімдеген күндейміз, Ренжуді білмейміз.
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Балалармен көктем мерзілімен бірге келетін табиғаттық құбылыстар туралы әнгіме жүргізіледі. Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен көктемдегі табиғи құбылыстар туралы әңгімелесеміз. -Балалар табиғат дегеніміз не? Дұрыс айтасындар балалар, аспан, ай, күн, жұлдыз, тау, тас, өзен, көл, өсімдік, аң, құс, адам, осылардың бәрі табиғат деп аталады. «Табиғаттан нәр алған ғой жанымыз, Ұсынайық жүрек нұрын бәріміз» - деп табиғат туралы тақпақтар оқып берейін:  Құлпыра берші, кең дала, Гүлінді күнде терейін. Жапырағыңмен жасыршы, Құшағыңа енейін. Қызғалдақтар қырда тұнып, Жайқалады ырғатылып. Анамыздай мейірлі Күн Аймалайды шында тұрып. Табиғат ол анамыз, Табиғатқа баламыз. Шаттық әнге саламыз.

	<p>Жазда аралап тауында, Барамыз біз бауына. Өзеніне шомылып, Жүгіреміз жауында.</p> <p><b>Жаңа сөздермен жұмыс.</b> су, бұлақ, тал Бейнеролик арқылы сөздердің мағынасын түсіндіру.</p> <p><b>Сергіту сәті</b></p> <p>Күн болып жанайық, Мөлдір су болып ағайық. Гүл болып жайнайық, Терең-терең дем алайық, Жүгіріп, жүріп алайық.</p>
Рефлексивті түзетушілік	Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

ҮК	Қазақ тілі 19.03.2024
Mіндетi	<p><b>Міндеті:</b> Наурыз мейрамы туралы түсінік беру. Балалардың ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін дамыту. Грамматикалық жүйелі сөйлеуге, мерекелік көңілін көтеру, елге деген сүйіспеншілікпен бірге, салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелу.</p> <p><b>Сөздер: мереке, тойлау, наурызкоже, ай, кун.</b></p>
Көрнекіліктер	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Қол ұстасып, кәне, біз Достасайық бәріміз. Қандай жақсы бір тұрып, Достарменен бір жұру</p>
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	<p>Балалармен Наурыз мерекесі туралы әңгіме жүргізіледі. Мұғалім: балалар біз үткін сіздермен Қазақтың ұлттық мерекесінің бірі –Наурыз мерекесі туралы әңгімелесеміз.</p> <p><b>Ғажайып сәт.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>–Сәлеметсіздер ме??!</li> <li>–Қазір жылдың қай мезгілі?</li> <li>–Қазір қай ай?</li> <li>–Бүгін аптаның қай күні?</li> </ul> <p><b>Отken «Табиғат» тақырыпты қайталау.</b></p>

**Қима материалмен жұмыс.** Педагог табиғатқа байланысты суреттерін көрсетеді, балалар атайды.

**«Құтты болсын, әз Наурыз»әнін тыңдату.**

–Бұл ән қандай, көнілді ме? Не туралы?

–Көктемде Наурыз мерекесі болады. Бұл мерекені достарымызбен бірге тойлаймыз. Наурыз мерекесі және оған дайындық туралы қысқаша түсінік беру.

«Наурыз – жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Жаңа күн, жаңа жыл.

Құттықтау: Наурыз құтты болсын! Ұлыс оң болсын!

Құттықтау сөздерін балалар қайталап естеріне сактайды.

Наурыз мерекесі – Қазақстанның халқы үшін ерекше мереке.

**Демонстрациялық материалмен жұмыс.** Мерекеде ән айтып, тақпақ оқиды, ойын ойнайды.

–Мынау кім? Мынау – ата.

–Мынау не?

–Мынау – домбыра.

–Ата домбыра ойнап отыр.

–Ата не істеп отыр?

–Ата домбыра ойнап отыр.

–Мынау – алтыбақан. Мынау не?

–Мынау – алтыбақан. Балалар алтыбақан тебеді.

–Балалар не істейді?

–Балалар алтыбақан тебеді. Адамдар ұлттық киім киеді.

–Қандай қазақ ұлттық киімдерін білесіндер? Балалар таныс ұлттық киімдерді атайды.

–Адамдардың көңіл күйлері жақсы.

–Адамдардың көңіл күйлері қандай?

–Адамдардың көңіл күйлері жақсы.

Балалар сұраптарға жауап беру барысында өткен тақырыптарды естеріне түсіреді.

Жаңа сөздерді жеке, хормен қайталап отырады.

**Сергіту сәті: Ән: «Дастарқан».**

Ей, халайық, халайық,

Бар өнерге салайық.

Ас ұсынып, бас тартқан,

Жаюлы тұр дастарқан.

Дастарқан-ау, дастарқан,

Берекелі дастарқан,

Мерекелі дастарқан

О-о-о!

– Наурыз мерекесінде ұлттық тағамдар дайындалады. Наурыз мерекесінің басты тағамы – наурызкөже. (Түсінік беру).

–Өжей наурызкөже пісіреді.

	<p>–Наурызкөжені кім пісіреді?</p> <p>–Өжей наурызкөже пісіреді. Қандай ұлттық тағам білесіндер?</p> <p>Педагог балаларға суреттерді таратады. Балалар таныс тағамдарды атайды, суреттерін көрсетеді: бауырсақ, қымызшұбат, құрт.</p> <p><b>Ұлттық ойын: «Сақина».</b> Ойынды бастайтын баланысанамақ арқылы анықтайды.</p> <p><b>Санамақ айту.</b></p> <p>Бір, екі – Жердің беті. Сары шымшық, Тез үшіп шық.</p> <p>Балалар шеңбер болып қатарға отырады. Алақандарын бір-біріне қысып, қолдарын алдында, тізе үстінде ұстайды. Ойын бастаушының қолында сақина болады. Ол өз алақандарымен сақинаны балалардың алақандарын ашып салған сияқты бол, біреуінің алақанына салу керек. Бәрін аралап өткен соң ортаға келіп: «Бір, екі, үш – сақинам үш!» – дейді. Сонда қолында сақинасы бар бала тұру керек. Оң жақта отырған көршінің тапсырмасы оны ұстau керек. Егер сақинаға ие болып жүрген ойнаушыны көршісі ұстай алмаса, онда көршісін жазалайды, ал егер сақина бар бала тұра алмаса, онда оның өзін жазалайды. Жаза әртүрлі болуымүмкін: женімпазды арқасына отырғызып жүріп келу, бір аяқпен секіру, билеу, ән айту және т.б. Жазаланған тапсырманы жасағаннан кейін жүргізуі болады және ойын жалғаса береді.</p>
<b>Рефлексивті түзетушілік</b>	<b>Ойын «Ақырын-қатты»</b> ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды

<b>ҮК</b>	<b>Қазақ тілі 26.03.2024</b>
<i>Mіndemі</i>	<b>Міндеті:</b> Қазақ халқы тұрмысының салт-дәстүрлері мен ерекшеліктері туралы түсініктер беру, балаларды ұлттық ойын түрлерімен таныстыру арқылы ойын ойнату. «Бес тас», «Арқан тарту», «Тақия тастау» «Ханталапай» ойндарынан үзінді көрсету.
<b>Сөздер; асық ойнау, атқа міну, арқан тарту, ұлттық ойын</b>	
<b>Көрнекіліктер</b>	Тақырыпқа байланысты суреттер, асық, арқан
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	Ойнап асыр саламыз, Біздер зерек баламыз. Бір шаңырақ астында, Тату-тәтті тұрамыз.

<b>Ұйымдастыру-шылдық-ізденушілік</b>	<p>Балалармен қаақ халқының ұлттық ойындары туралы әңгіме жүргізіледі.</p> <p>Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен қазақ халқының ұлттық ойындары турналы әңгімелесеміз.</p> <p>Өткен тақырыпты қайталау. <b>Дидактикалық ойын: «Кім көп біледі?»</b> Наурыз мерекесі туралы мәліметтер сұрау, суретке қарап таныс сөздерді айту.</p> <p><b>Ойын: «Ханталапай».</b> <i>Педагог ойын барысын түсіндіреді.</i> Балалар шеңбер бойымен отырады, басқа асықтар арасынан ерекшені (қызыл асықты) «хан» деп таңдал, шеңбер ортасына асықтарды шашады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Балақай, балақай, ханталапай! (Асықтарды жергешашамыз).</li> <li>Балалар жинап алады, қызыл асықты алған бала жеңімпазаталады.</li> <li>– Асықтың түсі қандай?</li> <li>– Асық қызыл.</li> </ul> <p>Жеңімпаз балаларға қосымша тапсырма беріледі.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Сүйікті ойыншығынды ата.</li> <li>– Жақсы көретін жемісінде ата.</li> </ul> <p><i>Ойынды бірнеше рет қайталау.</i></p> <p><b>Ойын: «Тақия тастау», «Бес тас» , «Арқан тарту».</b> <i>Педагог ойын барысын түсіндіреді.</i> Балалалар топқа бөлініп ойын түрлерімен танысып, ойнайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– <b>Дыбыстық жаттығу</b></li> <li>– Қ-Қ-АҚ – АС – ЫҚ – АСЫҚ.</li> <li>– Қ-Қ-ҚЫ – ҚЫЛ – ҚЫЗЫЛ АСЫҚ.</li> </ul> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p style="text-align: center;">Күн шықты, Сөулесін шашты. Бұлт жапты, Жаңбыр жауды.</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Аудармашы».</b></p> <p>Педагог орыс тілінде атауларын айтады, балалар қазақ тіліне аударады.</p> <p>игра – ... (оыйн) асық – ... (асық)</p>
<b>Рефлексивті түзетушілік</b>	<p><b>Ойын «Ақырын-қатты»</b> ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.</p>

ҮК	Қазақ тілі 02.04.2024
Mіндемі	<p><b>Міндемі:</b> Балаларға көктемгі егістік туралы, нан қалай жасалатынын туралы түсінік беру: тұқым себуге дайындық, бидай егуге алқапты дайындау процесі, астықтың өсуі туралы, нанды пісіру процесі, тоқаш-нан өнімдерінің пайдасы, наубайшы мамандығы туралы қысқаша бейнеролик көрсету. Жаңа сөздермен танысу барысында қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағылдандыру.</p> <p><b>Сөздер:</b> жер, шелек, күрек, он, сол, жоғары, төмен</p>
Көрнекіліктер	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик
Мотивациялық-көзғаушылық	<p>Жылулық шенбері.</p> <p>Қол ұстасып тұрайық</p> <p>Біз шенберді құрайық</p> <p>Амандастып алайық</p> <p>Сәлеметсіздер ме!</p>
Ұйымдастыру-шылдық-ізденушілік	<p>Балалармен көктемгі егістік туралы әңгіме жүргізіледі.</p> <p>Мұғалім: балалар біз бүтін сіздермен көктемгі егістік, нан қалай жасалынатыны туралы әңгімелесеміз.</p> <p><b>Жаңа сөздермен жұмыс.</b> жер, шелек, күрек, он, сол, жоғары, төмен</p> <p>Көктем мезгілі бейнеленген слайдтарға назарларын аударады.</p> <p>Балалар қарандаршы суретте қандай жыл мезгілі бейнеленген?</p> <p>Бала не істеп жүр?</p> <p>Нелер ұшып келді?</p> <p>Көктем мезгілінде неше ай бар?</p> <p>Наурыз айында қандай құбылыстар болады?</p> <p>Нан неден жасалатынын білесідер ме?</p> <p><b>Артикуляциялық жаттығулар жасайық.</b></p> <p>Тем-тем-тем Аш-аш-аш Ақ-ак-ак</p> <p>Келді көктем Ектік ағаш. Топырақ</p> <p>Балалар, біз көктем мезгіліндегі ағаштар секілді тербеліп сергіту сәтін жасап алайық.</p> <p><b>Сергіту сәті: «Ағаш»</b></p> <p>Тербеледі ағаштар</p> <p>Алдыңнан жел еседі</p> <p>Кіп-кішкентай бұталар</p> <p>Биік болып еседі.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Жақсы, жаман»</p> <p>Ойынның шарты: ортаға екі тақта қойылады, бір тақтада жарқыраған күннің көзі, екінші тақтада көңілсіз күннің көзінің суреті ілінеді. Балаларға суреттер беріледі жақсы қылыштармен және жаман қылыштармен.</p>

	Балалар қолдарындағы суретті тақтаға іліп әңгімелуе.
<b>Рефлексивті түзетушілік</b>	<b>Ойын «Ақырын-қатты»</b> ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

<b>ҮК</b>	<b>Қазақ тілі 09.04.2024</b>
<i>Mіндепті</i>	<p><b>Міндепті:</b> Көкөніс атауларын бекіту. Ал, «Бер» етістіктерін қолдана отырып, педагогтың айтқанын орындау. Балаларды еңбекқорлыққа, тазалыққа, үқыптылыққа тәрбиелеу. «Бер» етістігі мен ойыншықты бер, допты бер, қиярды бер сөз тіркестерін қымыл ойындары арқылы игеру барысында қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Сөздер: көкөніс, сәбіз, қияр, қызанақ.</b></p>
<b>Көрнекіліктер</b>	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	<p>Күзім-ау, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп, Келгенің қызық-ау.</p>
<b>Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік</b>	<p>Балалармен көкөніс атаулары туралы әңгіме жүргізіледі.</p> <p>Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен көкөніс түрлерімен атауы туралы әңгімелесеміз.</p> <p><b>Жаңа сөздермен таныстыру.</b></p> <p>Педагог:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Балалар қараңдаршы, себетінде не бар?</li> <li>– Көгөніс. Кө-гө-ніс. Күзде көгөністер піседі. Арман қияралыпты. Мынау – қияр. Қ-қки-қи-қияр. Қияр – көгөніс.</li> <li>Мынау не?</li> <li>– Мынау – қияр. (Сөзді әр бала жеке-жеке, сонан кейін хормен айтады).</li> <li>– Қияр не?</li> <li>– Қияр – көгөніс.</li> <li>– Қиярдың дәмі қандай?</li> <li>– Қияр дәмді.</li> <li>– Қиярдың түсі қандай?</li> <li>– Қияр жасыл.</li> <li>– Мынау – қызанақ. Қы-за-нақ.</li> <li>– Нақ-нақ – дәмді қызанақ. Қызанақ – көгөніс.</li> <li>– Қызанақтың түсі қандай? Қызанақ қызыл.</li> <li>– Мынау – сәбіз. ә - ә - ә - сә - сә-біз. Біз-біз – алдық сәбіз. Сәбіз – көгөніс.</li> </ul> <p><b>Сөздерді бекіту үшін кітапты (суретті сөйлейтін кітап:</b></p>

	<p><b>«Менің алғашқы кітабым») алады.</b>  – Менде сиқырлы кітап бар. (Кітапты ашып суретін көрсетеді). Мынау не? Енді тексереміз, мұқият тындаңдар(кітаппен жұмыс).</p> <p><b>Дыбыстық жаттығу.</b>  Үз-үз келді күз.  Ic-ic – өсті көгөніс.  Ic-ic – пісті көгөніс.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p style="margin-left: 2em;">Ал, балалар, тұрайық,  Қолымызды созайық.  Жапырақ болып дөңгелеп  Жерге келіп қонайық.  1-2-3 Жапырақ болып ұш.</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Жалғастыр».</b>  <b>Шарты:</b> педагог сөздің алғашқы буынын айтады, балалар оны жалғастырып аяқтайды. Мысалы: Қи-..., қыз-..., сә-, кө- .... Осы сөздерді қайталатып айтқызу, бекіту.</p> <p>Педагог тақпакты оқып, түсіндіреді, тілдерін жаттықтыру үшін бірнеше рет қайталатады.</p> <p style="margin-left: 2em;">Көгөністі көп ектік,  Өссін, піссін деп ектік.  Көктемде еккен көгөніс  Күзде берді көп өніс.</p>
<b>Рефлексивті түзетушілік</b>	Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

<b>ҮК</b>	<b>Қазақ тілі 16.04.2024</b>
<i>Mіndetі</i>	<p><b>Міндеті:</b> Балаларды құнделікті өмірде кезедесетін мамандық атауларымен таныстыру. Суреттерді пайдалана отырып, «Қандай маман» ойынын ойнату арқылы мамандық атауларын айтқызу. Болашақта қандай сала иегері болатын туралы әңгімелесу, балалардың өмірге деген көз-қарастарын қалыптастыру.</p> <p><b>Сөздер: дәрігер, тәрбиеші, аспазшы, жүргізуші, өрт сөндіруші, құрылышшы, тәртіп сақшысы</b></p>
<b>Көрнекіліктер</b>	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	<p>Біз балдырған тең басқан,  Дос құшағын кең ашқан.  Тілегіміз – тыныштық,  Ашық болсын кең аспан.  Мықты болсын іргеміз,  Бәріміз де біргеміз.</p>

<p><b>Үйымдастыру-шылық-ізденушілік</b></p>	<p>Балалармен мамандық атаулары туралы әңгіме жүргізіледі.  <b>Мұғалім:</b> балалар біз бүгін сіздермен мамандық атаулары туралы әңгімелесеміз.      Өткен тақырыпта өткен сөздерді қайталу үшін <b>«Себеп» ойынын</b> ойнаймыз. Ебептегі көкөністер мен жеміс түрлерін ажыратып, екі себетке бөліп саламыз, атаудың айтамызы.</p> <p><b>Слайд: «Балабақша қызметкерлері».</b></p> <p>Ең алдымен бақшага,      Тәрбиеші келеді.      Сені, мені күтеді.      Күлімдейді қарсы алып.</p> <p><i>Педагог балаларга қолдарына айнаны алып, дыбыстық жаттығулар жасауды ұсынады және сөздері қайталап, естеріне сақтауды ескертеді.</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Мынау – тәрбиеші, i-i-i-shі – тәр-би-е-ші.</li> <li>– Мынау кім?</li> <li>– Мынау – тәрбиеші. Тәрбиеші кітап оқиды. Тәрбиеші не істейді?</li> <li>– Тәрбиеші кітап оқиды.</li> <li>– Балабақшада менгеруші бар. Мынау – менгеруші, n-n-n-en- мен-ге-ру-ші</li> <li>– Мынау кім?</li> <li>– Мынау – менгеруші.</li> <li>– Балабақшада дәрігер бар.</li> <li>– Мынау – дәрігер.</li> <li>– Мынау кім?</li> <li>– Мынау – дәрігер.</li> <li>– Дәрігер емдейді.</li> <li>– Дәрігер не істейді?</li> <li>– Дәрігер емдейді.</li> <li>– Мынау – мейірбике. I-i-i-ip – ме-йір-би-ке.</li> <li>– Мынау кім?</li> <li>– Мынау – мейірбике.</li> <li>– Мейірбике емдейді. Мейірбеке не істейді?</li> <li>– Мейірбике емдейді.</li> <li>Мынау – жаттықтырушы. Қ- қ -қ -ық – жат-тық-ты-ру-шы. –Мынау кім?</li> <li>– Мынау – жаттықтырушы.</li> <li>– Жаттықтырушы балалардың денесін шынықтырады.</li> <li>– Жаттықтырушы не істейді?</li> <li>– Жаттықтырушы балалардың денесін шынықтырады.</li> <li>– Мынау – музыка жетекшісі.</li> <li>– Мынау кім?</li> </ul>
---	---

	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Мынау – музыка жетекшісі.</li> <li>– Музыка жетекшісі балаларды ән айтуға, билеуге үйретеді.</li> <li>– Музыка жетекшісі не істейді?</li> <li>– Музыка жетекшісі балаларды ән айтуға, билеуге үйретеді.           <ul style="list-style-type: none"> <li>– Мынау – аспаз.</li> <li>– Мынау кім?</li> <li>– Мынау – аспаз.</li> <li>– Аспаз дәмді ас пісіреді.</li> <li>– Аспаз не істейді?</li> <li>– Аспаз дәмді ас пісіреді.</li> </ul> </li> </ul> <p>Балалар сөйлемдерді қайталайды.</p> <p><b>Тақпак оқу. Педагог тақпак оқиуды. Өздеріңе таныссөздерді айттыңдар.</b>      Мен бақшаға барамын, Ойнаймын, ән саламын. Тәрбиеші әпкелер, Досы барлық баланың. Балалар таныс сөздерді атайды: балабақша, тәрбиеші.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p style="text-align: center;">Бір-бірімен сыйласты,      Тату жүрміз бәріміз.      Бала достықтың ұясы      –Біздің балабақшамыз.</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Тында, көрсет, қайтала».</b>      Балаларға балабақша қызметкерлерінің суретін көрсету.      – Бұл кім?      – Бұл тәрбиеші?      – -Бұл дәрігер. Т.Б.</p>
<b>Рефлексивті түзетушілік</b>	<b>Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату.</b> Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

ҮК	Қазақ тілі 23.04.2024
<i>Mіndetі</i>	<b>Міндегі:</b> Қазақстан халқының тарихына, мәдени мұрасына баулу, тәуелсіз еліміздің басты жетістігі – халықтар арасындағы достық түсінігін қалыптастыру. Достыққа тәрбиелеу. Сөздік қорларын арттыру. Табиғатқа, қоршаған ортаға деген жанашырларын ояту. Туған жер туралы түсінік беру. <b>Сөздер: дос, халық, тату, мереке</b>
<b>Көрнекіліктер</b>	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик, үлестірме карточкалар
<b>Мотивациялық-козғаушылық</b>	Арайладап таң атты Алтын сәуле таратты.

	<p>Қайырлы таң, алтын күн! Қайырлы таң, кендалам!</p>
Ұйымдастыру-шылдық-ізденушілік	<p>Балалармен Қазақстан халықтарының достастығы туралы әңгіме жүргізіледі. Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен халықтар достастығы туралы әңгімелесеміз. Суреттер бойынша өткен «<b>Мамандық атаулары</b>» тақырыпты қайталау. Қима материалмен жұмыс. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.</p> <p><b>Жаңа сөздермен таныстыру.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Қазақстан – көпұлтты республика. Қазақстан қандай республика?</li> <li>– Қазақстан – көпұлтты республика.</li> <li>– Қазақстан халқы тату тұрады.</li> <li>– Қазақстан халқы қалай тұрады? Қазақстан халқы тату тұрады. Қазақстан – ортақ үйіміз.</li> <li>– Ортақ үйіміз – ...</li> <li>– Дима, сенің досың кім? Сен досыңмен қалай ойнайсың? Балалар жаңа сөздерді дос, халық, тату, мереке және сөйлемдерді қайталайды.</li> </ul> <p><b>Педагог шағын мәтін құрап айтады:</b> <i>Біздің Отанымыз – Қазақстан. Қазақстан - көпұлтты республика. Қазақстанхалқы тату тұрады. Қазақстан біздің ортақ үйіміз.</i></p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p style="padding-left: 40px;">Дөңгелене тұрайық, Керегені құрайық. Уық болып иіліп Шаңыраққа киіліп Киіз үйді құрайық.</p> <p><b>Дидактикалық ойын «Жалғастыру».</b></p> <p>Біздің Отанымыз – Қазақстан. Біздің Отанымыз – ... . Қазақстан – көпұлтты республика. Қазақстан – республика. Қазақстан халқы тату тұрады. Қазақстан халқы тұрады. Қазақстан – біздің ортақ үйіміз. Қазақстан – біздің үйіміз. Балалар сурет бойынша сөздерді қайталпайды.</p>
Рефлексивті түзетушілік	Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытындылайды.

ҮК	Қазақ тілі 30.04.2024
Mіндепті	Міндепті; Өз еліне деген сүйіспеншілікті, қарулы күштер үшін мақтаныш, патриоттық сезімдерін, Отан қорғаушыларына эмоционалдық жағымды қатынасты, алғыр, мықты, жігерлі Отан қорғаушылар болуға тәрбиелеу. Бейнеролик көрсету арқылы «Кім жылдам» ойынын ойнатып, бейнероликте көрсетілген ғимараттар, көліктерді суреттен барып көрсету.

	<b>Сөздер: күш, батыр, ғимарат, қолік.</b>
<b>Көрнекіліктегі мотивациялық-қозғаушылық</b>	Тақырыпқа байланысты суреттер, үлестірме карточкалар Достар, бері келиндер, Қолдарынды беріндер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніндер.
<b>Үйымдастыру-шылық-ізденушілік</b>	Балалармен Отан қорғаушылар күні туралы әңгіме жүргізіледі. Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен Отан қорғаушылар күні туралы әңгімелесеміз. <b>Жаңа сөздермен таныстыру.</b> Педагог бір баланы алдыға шығарады, өзі нұсқаулар береді, бала оны орындайды: жүгіреді, тоқтайды, онға бұрылады, солға бұрылады, қолмен лақтыруды көрсетеді. Балалар педагогпен бірге және жеке қайталайды. Балалар әртүрлі жаттығулар жасайды, сонда біз епті, күшті болып өсеміз. <b>Ойын: «Қимылмен қайтала»</b> педагогтің берген нұсқауыбойынша бірге қимылдар жасау. Оңға қарай бір адым, Солға қарай бір адым. Бір орнында жүгіріп, Айналамыз бұрылып. Жоғары, тәмен қараймыз, Орнымызда тоқтаймыз. <b>Дыбыстық жаттығу</b> – I-Y – ЖY - Y- ГI- I-P – ЖҮГІР – K- ТОҚ- K- ТА – ТОҚТА – K-ЛАҚ-K-ТЫР – ЛАҚТЫР – Y- БҮР- ЫЛІ – БҮРЫЛ – H- ОҢ - FA – ОҢFA. – F - СОЛ-F-FA – СОЛFA <b>Сергіту сәті.</b> Біз кішкентай баламыз, Өсіп-өсіп толамыз. Оңға қолды созамыз, Солға қолды созамыз, Құстай қанат қағамыз. <b>«Кім жылдам» дидактикалық ойыны.</b> Педагог көрсеткен «Кім жылдам» слайдынан суреттерді атау, артығын тауып көрсету.
<b>Рефлексивті түзетушілік</b>	Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

ҮК	Қазақ тілі 07.05.2024
Mіндеті	<p><b>Міндеті:</b> Ойыншық атауларын қайталау. Оларды берші сезімен байланыстара қолдануға, ойнағысы келген ойыншықты сұрап алуға үйрету. Тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру.</p> <p><b>Қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру, еңбек сүйгіштікке, еңбек адамдарына құрмет сезімдерін тәрбиелеу, адамның қолымен жасалғанның барлығына ұқыпты қарau; балалардың сөйлеуін дамыту</b></p> <p><b>Сөздік: автокөлік, ұшақ, тік ұшақ , пойыз, велосипед.</b></p>
Көрнекіліктер	Тақырыпқа байланысты суреттер, үлестірме карточкалар
Мотивациялық-козғаушылық	<p>Достар, бері келіндер, Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніндер.</p>
Ұйымдастыру-шылдық-ізденушілік	<p>Балалармен ойыншық атаулары туралы әңгіме жүргізіледі.</p> <p>Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен ойыншық атаулары туралы әңгімелесеміз.</p> <p><b>«Доп ұрлеу» ойны.</b> Педагог балалармен шеңбер құрып тұрады. Доп ұрлекендей, ауыздарымен тыныс алу жаттығуларын жасайды. – Улken доп боламыз, кішкентай доп боламыз.</p> <p><b>2. Негізгі кезең</b> Педагог балалардың назарын ойын бұрышына аударып, сұрақтар қояды. – Мынау не? (Доп). – Мынау қандай доп? (Улken доп). – Мынау қандай доп? (Кішкентай доп). – Мынау не? (Мынау – куыршақ. Мынау – мәшине). – Мынау қандай мәшине? (Улken мәшине, кішкентаймәшине. Улken ұшақ, кішкентай ұшақ).</p> <p><b>Жаңа сөздермен таныстыру.</b> Менің сүйікті ойыншығым – ұшақ – Өзіңнің сүйікті ойыншығыңды ата? – Менің сүйікті ойыншығым – мәшине т.б.</p> <p><b>Педагог тақпақ оқиды.</b> Ойыншықтар көп бізде, Бәрін жақсы көреміз. Достарыммен жалықпай, Бірге ойнап жүремін.</p> <p>Тақпақта не туралы айтылған? (Ойыншықтар туралы. Балалардың ойыншықтары көп).</p>

	<p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p>Добым, добым, домалақ, Қайда кеттің домалап? Тепсек болды секіріп, Үстатпайсың, қашасың.</p> <p><b>Дыбыстық жаттығу (айнамен).</b></p> <p>Қ-ЫҚ-ШЫҚ – О-ЙЫН-ШЫҚ – ОЙЫНШЫҚ. АҚ-ОҚ-ШАҚ – ҚУ-ЫР-ШАҚ – ҚҰЫРШАҚ. Ә-Ә-Ә – МӘ-ШИ-НЕ – МӘШИНЕ.</p> <p><b>Ұлестірмелі материалдармен жұмыс.</b></p> <p>Балаларға ойыншық салынған парақшалар таратылып, ондағы ойыншық атауын кезек-кезекпен айқызу.</p>
<b>Рефлексивті түзетушілік</b>	<b>Ойын «Ақырын-қатты»</b> ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытындылайды.

ҰК	Казақ тілі 14.05.2024
<i>Mіндемі</i>	<p><b>Міндегі:</b> Балаларға жаз айлары туралы мағұлмат беру. Жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру. Сөздік қорларын арттыру. Табиғатқа, қоршаған ортаға деген жанашырларын оятуды жалғастыру. Жаз мерзілімен қатар келетін табиат құбылыстарын айтқызу. Жаңа сөздермен танысу барысында қазақ тілінің тән дыбыстарын дұрыс айтуды дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Сөздер: жаз, жасыл орман, әдемі ғулдер, серуен.</b></p>
<b>Көрнекіліктер</b>	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	<p>Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабак түйген не керек, Көңілді боп жүрейік!</p>
<b>Үйымдастыру-шылық-ізденушілік</b>	<p>Балалармен жаз мерзілі туралы әңгіме жүргізіледі.</p> <p>Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен жаз мерзілі туралы әңгімелесеміз.</p> <p><b>Сөздік ойын: «Мен бастаймын, сен қошта».</b> Откен тақырыпты қима суреттермен қайталау.</p> <p>Әдемі ... (ойыншық) Сары ... (ұшак) Үлкен ... (машина) Кішкентай .... (пойыз)</p> <p><b>Жаңа сөздермен таныстыру.</b> Жаз мезгілі туралы демонстрациялық материалдармен жұмыс.</p> <p><b>Педагог қысқа мәтін құрайды.</b> <i>Бұл – жаз мезгілі. Күн ыстық. Гүлдер көп.</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Қай жыл мезгілі?</li> <li>– Жаз мезгілі?</li> <li>– Күн қандай?</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Күн ыстық.</li> <li>– Гүлдер қанша?</li> <li>– Гүлдер көп.</li> </ul> <p>Балалар сөздерді және сөйлемдерді жеке-жеке және хормен қайталайды: жаз, жасыл орман, әдемі гүлдер, серуен.</p> <p><b>Дыбыстық жаттығу</b></p> <p>K-K-K – ЫС-ТЫҚ – ЫСТЫҚ Y-Y-Y – ГҮЛ</p> <p><b>Сөздік ойын:</b> «Жалғастыр». Жаз мезгілінде күн ... (ыстық). Жаз мезгілінде ... көп. (гүлдер)</p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p>Тербеледі нәзік гүлдер, Самал бетке еседі. Кіп-кішкентай гүлдерге Су құйғанда өседі.</p> <p><b>Қима материалдармен жұмыс.</b> Ойын: «Суреттерді топтау» ойны. Қима материалдардан жаз мезгіліне қатысты суреттерді табады, сөздерді педагогтің соңынан қайталайды.</p> <p><b>Үлестірмелі материалдармен жұмыс.</b></p> <p>Суретке қара. Мынау қай жыл мезгіл? Жазда күн қандай болады? Педагог тапсырманы түсіндіреді. Сурет бойынша жаз мезгілі туралы әнгімелейді. – Жазда күн қандай болады? – Күн ыстық болады.</p>
Рефлексивті түзетушілік	Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

ҰК	Қазақ тілі 21.05.2024
Mіndetі	<b>Міндеті:</b> Балаларға оқу жылы барысында танысқан жаңа сөздері мен алған білімдерін қорытындылау мақсатында тамақ, киім, жеміс-жидектер, дене мүшелері, өсімдіктер, үй жануарлары тақыбыныда танысқан сөздерін айтқызу және «Кім жылдам» ойыны арқылы әр бала суреттерді жоғарыда аталған топтарынға дұрыс ажыратып жинату. Атауын айтқызу барысында қазақ тіліне тән дыбыстардың дұрыс айтылуын қадағалау.
Көрнекіліктер	Әртүрлі тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик, үлестірме карточкалар
Мотивациялық-қозғаушылық	Достар, бері келіндер, Қолдарынды беріндер. Шаттық толы шенберге, Қуанышпен еніндер.

<b>Ұйымдастыру-шылдық-ізденушілік</b>	<p>Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен жыл бойын өткен тақырыптарды қорытындылаймыз.</p> <p>Балалар екі топқа бөлінеді. Педагог балаларды түрлі түсті карточкалар таңдауға шақырады. Түсі бірдей балалар бір топқа біріктіріледі. Сұрақтарға кезекпен жауап береді. Бір топ екінші топтыңжауабын толықтырып отырады.</p> <p><b>Бірінші кедергі.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Балалар, бақшада қандай көгөністер бар? Жинаңдар. Көгөністерді атап, себетке салады.</li> </ul> <p><b>Екінші кедергі.</b></p> <p>Орманда қандай жабайы жануарлар болады? Атаңдар. Жануарларды атап, суретін тақтаға іледі.</p> <p><b>Үшінші кедергі.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Жұмбак үйде не бар?</li> </ul> <p>Қылған суреттерді құрастырады (үстел, орындық, төсек, кілем, терезе, есік), атайды.</p> <p><b>Төртінші кедергі. Ойын: «Сынарын тап».</b></p> <p>Үй жануарларын топтастыру. Бір топтың баласы алдындағы суретін атайды, екінші топтың баласы енесін не баласын атайды да тақтаға екеуі бірге іледі.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p>Бір, екі, уш Ал жина күш. Төрт, бес Улken болып өс. Алты, жеті Қолың еденге жетті. Сегіз, тоғыз, он Орныңа қон.</p>
<b>Рефлексивті түзетушілік</b>	<p>Педагог қорытынды жасайды.</p>